17 Kozhabayev E. Ispolzuyut v odezhde kazakhskiy ornamenty zagrobnoi zhizni: expert ob oshibkah dizainerov [Kazakh ornaments of the afterlife are used in clothes: an expert on the mistakes of designers] // [Electronic source] URL: <http://ru.zhambylnews.kz/lentanews/81506-ispolzuyut-v-odezhde-kazahskie-ornamenty-zagrobnoj-zhizni-ekspert-ob-oshibkah-dizajnerov.html/> (the date of referring: 27.06.2020) (in Russ)

18 Dombıra – qazaqtyn en ardaqty ulttyq qazynasynyn biri [Dombira is one of the most honored national treasures of Kazakhstan] // [Electronic source] URL: http://jebeu.kz/A_other/tariq/2018-06-14/942.html (the date of referring: 27.06.2020) (in Kaz)

19 Nazhimedenov Zh. Konir undi dombyra [Soul sound of dombyra]. – A., Dyke –Press, 2008. (in Kaz)

20 Pitertsev V. Ukili dombyra [Ukili dombyra]. – A., Sansam, 2011. – 10 b. (in Kaz)

21 Abugazi M. Qazaqtin dombyra oneri [Kazakh dombyra art]. – A., Nursat, 2016. – 5 b. (in Kaz)

22 Seidimbek A. Kazaktin kyui oneri [Kazakh kuyi art]. – A., Kultegin, 2002. – 102 b. (in Kaz)

23 Eco U. Semiotica e filosofia del linguaggio [Semiotics and philosophy of language]. – M., Einaudi, 1984. (in Ital)

INFORMATION ABOUT AUTHORS

Roza Khassenova

Master of Education, Astana International University, Astana, Kazakhstan

Manifa Sarkulova

Assistant Professor, Candidate of Philosophical Sciences, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Роза Туқеновна Хасенова

магистр образования, Международный университет Астана, Казахстан

Манифа Стаболовна Саркулова

доцент, кандидат философских наук, Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Роза Туқеновна Хасенова

білім магистрі, Астана Халықаралық университеті, Астана, Қазақстан

Манифа Стаболовна Саркулова

доцент, философия ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

ЖАСТАР ПОЭЗИЯСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Ә.Д. Қабылов

АҢДАТПА

Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың өмір салты мен рухани болмысындағы ғасырлар бойы қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан қағидаттар жүйесі. Әрбір халықтың тарихи даму кезеңінде сұрыпталып сыннан өткен, ең қымбат мұра ретінде жинақтаған құндылықтары – ана тілі мен тарихи танымы, рухани және адами қасиеттері, моральдық нормалары, салт-санасы мен дәстүрлі ұстанымдары сол халықтың ұлттық идеясының негізін құрайды. Ұлттық құндылықтар халықтың өмірінде ерекше орын алып, жаңа ұрпақ үшін маңызды тәрбие көзі болып табылады. Халықтың өмір тәжірибесі арқылы ғасырлар бойы қалыптасқан рухани құндылықтар қоғам дамыған сайын жаңа нышан-сипаттармен толығып, заман талабына орай жетіліп отырады. Қазіргідей жаһандану жағдайында әлемдік қауымдастыққа әр халық өзінің ұлы рухани қазынасы – тілі, ділі, тарихы, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері секілді рухани байлығын жаңғырта отырып кіріккенде ғана ұлттық сипатын сақтап қала алады. Өйткені, ұлттық тәрбиенің негізі болып табылатын асыл рухани құндылықтар – дәстүр мен заманәуи тенденцияларды жалғастырып, бүгін мен болашақтың арасындағы алтын көпір ретінде ізгілік пен моральдық тұрақтылықты сақтауға кепіл болатын алтын арқау. Ол әрбір ұлт өкілінің адамдық қасиетін нығайтып, жанын асылдандыра түсетін, халықтың даналық ой-тұжырымдарынан туындап, ұдайы жаңғырып отыратын жасампаз ережелер мен қағидаларды құрайды. Қазақы дүниетаным, ақыл-ой, салт-дәстүр, тағылымдық ұлағат халық тәжірибесінен өріс алып, ғасырлар бойы шыңдалып қалыптасқан. Сол сан ғасырлық ұлттық тәрбиенің негіздеріне сүйеніп, ұлттық құндылықтарды ұлықтайтын, насихаттайтын және жас ұрпақтың санасына сіңіретін ең бір пәрменді құрал – көркем әдебиет болса, соның ішінде поэзияның алар орны ерекше. Мақалада маңғыстаулық жас ақын қыздар Гүләйім Дәуітбаева мен Нұргүл Маулинаның өлең-жырларындағы ұлттық құндылықтардың орны пайымдалады. Автор осы ақындардың шығармаларын талдай отырып, олардың танымдық және тәрбиелік маңызын қарастырады, ұлттық сана-сезімді қалыптастырып, ұлттық мүддеге қызмет етудегі ролін зерделейді. Поэзиялық мәтіндердегі ұлттық ұғымдар мен ой-тұжырымдардың мәні әдеби, философиялық, психологиялық тұрғыдан сараланып, жастар шығармашылығының концептуалдық бағдарына баға беріледі.

Түйін сөздер: ұлттық құндылықтар, поэзия, жастар шығармашылығы, дәстүр, қазіргі заман, сабақтастық, мазмұн мен идея, көркемдік.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Ә.Д. Қабылов,
adlet_kabylov@mail.ru

Мақаланың сілтемесі:
Қабылов Ә.Д. Жастар поэзиясы және ұлттық құндылықтар // Адам әлемі. – 2023. – № 2 (96). – Б. 14-24.

Молодежная поэзия и национальные ценности

Аннотация. Национальные ценности – это система принципов, формировавшихся веками и передающихся из поколения в поколение в образе жизни и духовности каждого народа. Ценности каждого народа, отобранные и испытанные в период исторического развития, накопленные как ценнейшее наследие: – родной язык и историческая память, духовные и человеческие качества, нравственные нормы, обычаи и традиционные устои – составляют основу национального представления об этом народе. Национальные ценности занимают особое место в жизни народа и являются важным источником воспитания нового поколения. Духовные ценности, формировавшиеся веками через жизненный опыт народа, по мере развития общества пополняются новыми символами и созревают в соответствии с современными требованиями. В современном глобализованном мире каждый народ может сохранить свой национальный характер только тогда, когда он интегрируется в мировое сообщество, возрождая свои великие духовные сокровища – язык, менталитет, историю, традиции, литературу и искусство. Ведь благородные духовные ценности, лежащие в основе национального образования, являются золотым лучом, продолжающим традиции и современные тенденции и гарантирующим сохранение добра и нравственной устойчивости, как золотой мостик между сегодняшним и будущим. Он создает создательные правила и принципы, укрепляющие человеческие качества каждой нации, питающие душу, возникающие из мудрости народа и постоянно обновляющиеся. Казахское мировоззрение, менталитет, обычаи, традиции и учения формировались и укреплялись веками. Одним из действенных инструментов прославления, пропаганды и привития национальных ценностей в сознании подрастающего поколения, опирающихся на основы многовекового национального воспитания, является художественная литература, в том числе поэзия. В статье раскрывается роль национальных ценностей в стихах молодых мангистауских поэтов Гулайым Даутбаевой и Нургуль Маулиной. Анализируя произведения этих поэтов, автор рассматривает их познавательное и воспитательное значение, роль в формировании национального самосознания и служении национальным интересам. В литературоведческом, философском, психологическом плане анализируется сущность национальных понятий и идей в поэтических текстах, дается оценка концептуальной направленности творчества молодых поэтов.

Ключевые слова: национальные ценности, поэзия, творчество молодых, традиция, современность, преемственность, содержание и идея, художественность.

Youth Poetry and National Values

Abstract. National values are a system of principles that have been formed over the centuries and passed down from generation to generation in the way of life and spirituality of every people. The values of each people, selected and tested during the period of historical development, accumulated as the most valuable heritage - the native language and historical memory, spiritual and human qualities, moral norms, customs and traditional foundations form the basis of the national idea of this people. National values occupy a special place in the life of the people and are an important source of education for the new generation. Spiritual values that have been formed over the centuries through the life experience of the people, as society develops, are replenished with new symbols and mature in accordance with modern requirements. In today's globalized world, each nation can preserve its national character only when it integrates into the world community, reviving its great spiritual treasures – language, mentality, history, traditions, literature and art. After all, the noble spiritual values that underlie national education are a golden ray that continues traditions and modern trends and guarantees the preservation of goodness and moral stability, like a golden bridge between today and the future. It creates rules and principles that strengthen the human qualities of each nation, nourish the soul, arise from the wisdom of the people and are constantly renewed. The Kazakh worldview, mentality, customs, traditions and teachings have been formed and strengthened for centuries. One of the effective tools for glorifying, promoting and instilling national values in the minds of the younger generation, based on the foundations of centuries-old national education, is fiction, including poetry. The article reveals the role of national values in the poems of young Mangistau poets Gulayim Dautbayeva and Nurgul Maulina. Analyzing the works of these poets, the author examines their cognitive and educational value, their role in the formation of national identity and serving national interests. In literary, philosophical, psychological terms, the essence of national concepts and ideas in poetic texts is analyzed, an assessment is made of the conceptual orientation of the work of young poets.

Key words: National Values, Poetry, Youth Creativity, Tradition, Modernity, Continuity, Content And Idea, Artistry.

Kіpіcne

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері елімізде үлкен өзгерістер орын алғаны белгілі. Әсіресе, әлеуметтік саладағы, рухани жаңғыру бағытындағы өрлеудің жөні бөлек. Кеңестік саясаттың, коммунистік идеологияның ықпалынан құтылып, еркіндік алғаннан кейін әдебиеттегі цензура да жойылып, ұлттық мұраларымызға тереңдей үңіле бастадық. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері ашылып, тыйым салынған рухани мұралар қайта оралып, халқымен қауышты.

Өтпелі кезеңнің қиындықтарына қарамастан, әдебиет пен өнерде айтарлықтай серпіліс болды. Көрнекті ақын жазушыларымызтың тақырыптарға қалам тартып, жаңа белестерді игеруге кірісті. Тыйым салынған тақырыптардың шымылдығы алынып, халық тарихының жабық жатқан қабаттарына сүрлеу салынды. Елді елең еткізген жаңа шығармалар туып жатты. Әдебиеттің көркемдік сапасы да артып, бұрынғыдай тақырып қуып, насихаттық мақсатты ғана көздейтін кезең артта қалып, көркемдік сапасы жоғары, жаңа әдеби әдіс-тәсілдерге негізделген заманәуи шығармалар дүниеге келе бастады.

Жаңа заман жаңа есімдерді тудырады. Елге белгілі, оқырмандарға етене таныс танымал қаламгерлердің ізін қуып, әдебиетке жастар келе бастады. Тәуелсіздіктің отыз жылында ақын жазушылардың тұтас бір буыны өсіп шықты. Олар әдебиетке белгілі дәрежеде дайындықпен келіп, өз үндерін білдіріп жатты. Бірте-бірте тәжірибе жинап, әдебиет әлемінде өздерін таныта бастады.

Кезінде көрнекті ақын Т. Медетбеков өзінің «Алтын көпірліктер» деген көлемді мақаласында Тәуелсіздік бастауында әдебиетке келіп, ұлттық поэзияның өрісін кеңейткен, оқырмандар көңілінде үлкен үміт сәулесін оятып және сол үдеден шыға білген талантты жастар шығармашылығына оң баға берген болатын: «...Ол толқын сол бір сапырылысы да, алыс-жұлысы да көп, бүкіл ел тауқыметті, таршылық заманды басынан өткеріп жатқан тұста,

көп ақын-жазушыларымыз не істерін білмей абдырап, дағдарып, қаламы мен қағазынан көз жазып қалғандай болған кезеңде ұлы Мәртебелі поэзияның кешегі жағалауын ертеңге, яғни бүгінгі жағалауға қосқан көпір міндетін атқарды. Шын мәнінде алтын көпір бола білді», – деп жазған еді ол [1, 197 б.]. Темірхан ақын ондай таланттардың қатарында М. Райымбекұлы, Ә. Балқыбек, Ж. Сәрсек, Б. Бабажанұлы, Н. Қуантайұлы, Б. Айтболатұлы, Ә. Шегебай, Б. Беделханұлы, Д. Берікқажыұлы, Б. Алдияр, А. Темірбай, Т. Толқынқызы, А. Әбдірасылқызы және т.б. секілді жас толқын ақындарды атап өтіп, олардың жырларын талдай отырып, оң баға берген болатын. Бұлар қазір ұлттық поэзиямыздың алғы шебіндегі таланттар болып қалыптасты.

Маңғыстаудай таланттарға бай өлкеде Тәуелсіздік жылдарында ақындардың тұтас буыны өсіп жетілді. Олардың алды қырықтан асып, бірлі-жарым жинақтарын да шығарып үлгерді. Солардың арасынан өзіндік өлең өрнегімен көпшілікке танылып, оқырманын елең еткізіп жүрген ақын қыздарымыз Нұргүл Майлина мен Гүләйім Дәуітбаева поэзиясындағы ерекшеліктердің бірі – ұлттық құндылықтардың ұлықталуы, өскелең өмір арнасында ата-бабалар салт-дәстүрі мен ұлттық сананың берік орнығуы үшін поэзияның қуатын пайдалануы дер едік.

Әдіснама

Поэзиялық шығармаларды пайымдауда зерттеудің тақырыбы мен мақсат-міндеттеріне орай көркем мәтінді филологиялық талдау басты назарға алынады. Зерттеу материалының негізіне шетелдік және отандық әдебиетші ғалымдардың поэзия, оның ішінде лирика табиғаты туралы еңбектері әдіснамалық тұғыр ретінде қарастырылады. Солардың негізінде авторлар өлең-толғауларының ерекшеліктері талданып, әдеби-теориялық тұрғыдан зерделенеді. Негізінен ақын өлеңдерінің тақырыптық-идеялық, көркемдік ерекшеліктеріне, лирикалық кейіпкер та-

биғатына, өлеңдегі идеялық нысан мен көркемдік өрнектерге назар аударылады. Зерттеу барысында жас ақындар поэзиясының көркемдік ерекшеліктерін танытатын, ақын шеберлігінің сырын түсінуге септесетін әдеби талдау, тарихи-функционалдық, психологиялық, герменевтикалық, салыстырмалы-тарихи зерттеу әдістері пайдаланылды.

Тарихи-функционалдық әдіс жазушының өмір сүрген кезеңінің ерекшелігіне орай өлеңдерінің идеялық сипатын, тақырыптық ауқымын, ондағы заман көріністерінің сырын пайымдауға мүмкіндік береді. Психологиялық әдіс автор мен лирикалық кейіпкердің ішкі әлеміне барлау жасап, олардың күйініш-сүйінішінің сырын тануға септеседі. Герменевтикалық әдіске сүйеніп, қаламгер поэзиясының идеялық-тақырыптық мазмұнын ұғынып, сол арқылы авторлық концепцияның мәнін ұғынып, шығарма өзегінде жатқан ой арналарын танимыз. Ал салыстырмалы-тарихи әдіс автордың ақындармен үндестігін, жақындығы мен ерекшеліктерін аңғаруға мүмкіндік береді. Олар сомдаған дүние бейнесінің бірегейлік сипаттары ашылады.

Мақалада жастар поэзиясындағы ұлттық құндылықтардың орны турасындағы мәселеге концептуалдық және антропологиялық тұрғыдан талдау жасалды. Мәселе қазіргі заман, қоғам мен адам бойындағы ұлттық салт-дәстүр, тарихи сана, халықтық ұғым-түсініктер мен ата дәстүрге адалдық турасында болғандықтан, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды игерудегі тарихи және заманәуи тенденцияларды көркем сараптап, поэзияның күшін танымдық әрі тәрбиелік мақсатқа жұмылдырудағы ақындардың мақсатты әлеуетін жүзеге асыру барысындағы эк-зистенциялық толғаныстарын талқылауға мән беріледі. Поэзиялық мәтіндерді филологиялық тұрғыдан зерттеп, ондағы философиялық, психологиялық және әлеуметтік мағынаны ашу қоғамдық болмыс пен өмірдің мәні туралы гносеологиялық сауалдарды толыққанды зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл қоғамдық ортадағы жастардың өзін-

өзі тануы мен рухани әлеуетін жүзеге асыруға деген ізденістеріне әлеуметтік тұрғыдан бағыт берудің жолы болып табылмақ. Мақалада авторлардың жеке жыр жинағы мен жас ақындар антологиясына енген шығармалары пайдаланылды.

Негізгі бөлім

Мемлекетіміздің басшысы Қ.К. Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Әрбір халық өзінің арғы-бергі тарихын өзі жазуға тиіс. Бөтен идеологияның жетегімен жүруге болмайды. Ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған шежіре ұрпақтың санасын оятып, ұлттың жадын жаңғыртуға мүмкіндік береді» [2], – деген болатын.

Қазіргі жас ақындар – тәуелсіздік кезеңінің перзенттері. Олардың көпшілігі кеңестік кезеңнің соңғы онжылдығында дүниеге келсе де, ес біліп, өлең жазуға араласа бастауы сол 90-жылдардағы тәуелсіздік шұғыласынан басталады. Сондықтан, олардың өлеңдерінің тақырыптары да, көтерген проблемасы мен идеялық нысаны да соған сай, уақытына лайық болуы заңды. Кеңестік цензурадан арылып, алыс-жақын елдердегі, жалпы өркениеттік жаңалықтардан хабардар, әдеби әдіс-тәсілдер мен ағымдарға жол ашылған тұста, жастардың да сондай жаңа үрдістерден үйреніп, қаламдарын ұштай түсуі орынды. Алайда, жас ақындардың шығармаларын шолып шықсақ, олардың шығармашылығында ұлттық негіздің молырақ жатқанын айқын аңғарамыз. Әсіресе, ауыз әдебиетінен басталатын ұлттық сөз өнерімізде терең тамыр жайған бейнелеу тәсілдері, тақырыптың қамтылу аймағы, ақын-жыраулар үлгісі мен классикалық және заманәуи белгілі ақындардың шығармашылық мәнеріне еліктеу, солардан үлгі алудың үлесі басым болып келеді.

Жалпы, бүкіл қазақ елінің шығармашылық әлеуетіндегі тақырыптық-идеялық, көркемдік-стильдік әлеует ортақ болғанымен, әр өңірдің ақындарында елеулі-елеусіз кейбір сипаттардың болатынын жоққа шығара

алмаймыз. Ол сол жердің табиғаты мен тұрмыстық жағдайына, халықтық дәстүрлеріне, тұрғын халықтың менталитеті мен рухани құндылықтарына т.б. жағдайларға байланысты болса керек. Поэзиядағы ақындық мінезді де қалыптастыратын сондай орта, өңірлік мектептердің ықпалы болмақ.

Қазіргі маңғыстаулық жас ақындар туралы: «Оларды ашып оқи бастағаннан ақ кілең бір айтатынын бүкпей, аңғардан соққан желдей боп аңқылдап сөйлейтін, ешкімді де тосырқамай, айтатынын ағылтегіл ақтара салатын нағыз маңғыстаулық мінезден тұратын жырларға тап болдым. Табиғатпен астасып, тіршілікпен қабысып, жан-жүрегіңмен етене жақынындай боп қабысып кететін ол жырларды оқығанда таң жарығын көрген салбұрындай сілкініп кететінім рас», – деп жазған болатын көрнекті ақын Т. Медетбек маңғыстаулық жас ақындардың «Маңғыстау мақамдары» атты жыр жинағына жазған алғысөзінде [3, 3 б.].

Қазіргі маңғыстаулық ақындар поэзиясының тақырыптары әр алуан. Поэзияның мәңгілік тақырыптары бар да, әр кезеңде әдебиетте алға шығатын өзекті тақырыптар болады. Ол сол кезеңнің қоғамдық-әлеуметтік жағдайларына, азаматтық қоғамның даму бағдарына, қоғамдағы басым құндылықтар мен ықпалды тенденцияларға байланысты орын алады. Біздің өмір сүріп отырған кезеңіміздің де ортақ тақырыптары жетерлік десек, солардың қай-қайсысына да жастардың қалам сілтері айқын.

Ғасырлар бойы ұмтылып, күреспен жеткен тәуелсіздіктің жолы бөлек. Сол себепті тәуелсіздік тақырыбының поэзияның басында тұруы – заңды құбылыс. Бұл туралы көрнекті ақын, әдебиетші ғалым Ш.Сариев: «Қазіргі қазақ ақындары – тәуелсіз елдің ақындары. Ақын жүрегі – халқын, ел-жұртын, Ұлы Отанын жан-тәнімен сүйетін жүрек. Бізге тәуелсіздік алып берген бостандық – ұлтжандылық идеясы. Сондықтан қазір ұлтын сүйген ақын үшін Тәуелсіздік туымызды ардақтап, ұлтымызды ұлағатқа бастарлық, хал-

қымызға қайрат-жігер берерлік поэзияның туын көкке көтеретін шақ. Әрбір жанды шуаққа бөлеп, тірліктің тауқыметінен арырарлықтай күш-қуат берерлік ұлттық рухтағы поэзияның заманы. Тәуелсіздікті нығайта беру жолында өжет ұрпақты жігерлендіретін поэзияның дәуірі», – деп жазған еді [4, 326-327 б.].

Тәуелсіздік тақырыбы – жас ақындардың қай-қайсысының да өлең-жырларына ортақ болғанмен, оларды жырлау мәнері, мәселеге зер салу орайы, шымырқанған көңіл ауанын көркемдікпен алып шығуы әрқалай. Десек те, ортақ ой, ортақ тілек, ортақ мақсат бір арнаға құйылып, бір нүктеге түйісіп жатады. Ол – тәуелсіздіктің қуанышы, оны баянды қылу жолында елді бірлікке, ынтымаққа шақыру, тәуелсіздікті қадірлеу, оның мәңгілігі жолында аянбай еңбек етуге үндеу идеясы.

Тәуелсіздік жылдарындағы жас ақындарымыздың ерекше шабытпен жырлап келе жатқан тақырыптарының бірі – ұлттық құндылықтарды ұлықтау, халқымыз-дың ана тілі мен салт-дәстүрін сақтау, ата тарихымызға құрметпен қарау. Бұл тақырыптың аса жылылықпен аталып, жоғары көтере жырлануының өзіндік себептері бар. Өйткені, кешегі кеңестік кезеңде аз халықтардың тарихы мансұқталып, олардың тілі мен діні, салт-дәстүрі құрметтелмей, аяқасты болғаны белгілі. Тәуелсіздік алғаннан кейін әр ұлт өзінің өткеніне көз жіберіп, ұлт болып қалу үшін өзінің тарихын біліп, ана тілі мен салт-дәстүрін сақтап, дамыту керектігін түсініп, сол мақсатта әрекет ете бастады. Рухани саладағы барлық бірінші кезектегі іс-шаралар осы мәселеге бағытталды. Мұны жас талапкерлер де жақсы ұғынып, балғын таланттарын осы мәселеге арнауы заңды. Сондай жас таланттардың өкілі ретінде маңғыстаулық ақын қыздар Нұргүл Майлина мен Гүләйім Дәуітбаева жырларында да ұлттық құндылықтардың орны ерекше екенін көреміз.

Дарынды ақын қыздардың бірі Гүләйім Дәуітбаеваның жырлары Маңғыстаудың даласы мен табиға-

тындай кең тынысты да өршіл болып келеді. Поэзияның парасатына ден қойған ақын өлеңді жүректен шығарып жазуға тырысады. Ол үшін не болса соны өлең қылу – өнер емес, шынайы поэзия жазбасыңа қоймайтын дүние сырларын өзектен өткізіп барып жазу екендігін жақсы ұғынады. «Өлең патшалығына бас ұру» өлеңінде әуелі өлең өлкесін барлап, поэзия деген ұлы өнердің жалын ұстауға тайсақтаған жандай еміне енген көңілін бірте-бірте өлең құдіретін түсініп, қаламы ұшталып, жыр додасына енгеннен кейінгі күңіл күйімен әсерленіп: «Поэзия! / Жартысы болшы жанымның, / Жаршысы болшы ар-үннің, / Жүрегім – сенің баспанаң, / Билігім сенде, бағындым!» [5, 58 б.] – деп, поэзиямен туысып кеткенін паш етеді әрі осы өлкеден жаны жай тауып, әрі өлеңнің алдындағы жауапкершілігін сезінген поэзия жауынгерінше адалдыққа ант беріп, музадан медет сұрайды. Оның «Қаламға табыну», «Қоңыр өлең», «Жыр-дәрі», «Жырым – менің жан айнама» сияқты өлеңдерінде өлеңмен тілдесе отырып, көңілдегі қуанышы мен күдігін, сыры мен мұңын бөлісуге әзір екенін білдіреді. Мұны қазақ халқының өлең сөзге деген ерекше ықыласынан бастау алатын ұлттық қасиет, өлең құдіретіне бас иіп, құрмет тұтатын ақындық стихияның көрінісі деп білеміз.

Гүләйім – қоғамдық-саяси тақырыптарға да еркін қалам тартатын ақын. Ел өміріндегі елеулі оқиғаларға үн қосу, тарихтың кейбір ұтырлы кезеңдері мен оның ел есінде қалған іздері туралы жазған өлең, баллада, поэмалары бар. Оның туған жер тақырыбына жазылған «Тәуелсіздік жыры», «Астанаға», «Ақтау», «Қара маржан», «Отпанда» сынды өлеңдері бүгінгі тәуелсіз еліміздің қарыштап дамуын, азаттық жылдардағы ел өміріндегі өзгерістерді, туған дер мен атакүлдік мекенге деген перзенттік махаббатты паш етіп, өзіндік мәнерімен тебіренетеді.

Ақынның «Махамбет» өлеңінде ер Махамбеттің рухымен сырласа отырып, халықтың бүгінгі өмірімен байланысты іздейді. Батырдың ел үшін «ерулі атқа

ер салып, егеулі найза қолға алып», теңдік іздеп жорытқан заманы мен бүгінгі тәуелсіздік алып, азаттыққа жеткен кезеңнің айырмашылығы болса да, қараша халықтың Махамбетше ойын батыл айтып, теңдік сұрайтын қауқары болмай отырған қазіргі халына пұшайман болады. Әуелі: «Қайырылып мойын бұрмаған, / Қазақты тыңдап тұр ғалам. / Текті ұлды туып тамсанттың / Құрсағы құтты сұр далам», – деп құтты далаға мінәжар етіп, Махамбеттік ерлік жолдарын еске түсіріп алады да, соңында: «Сен өлдің жаудың қолында, / Намыс пен ардың жолында. / Біз бықсып барып сөнерміз, / Айналып тәлкек-ойынға. / Жүрегім болды мұң-таспа, / Қаһарман ата, Сіз басқа. / Көңкілдеп өтер күндері / Шерменде болған біз – қасқа» [5, 88 б.], – деп тұжырымдайды.

Батырлық пен ерлік – ұлттық поэзиямыздағы ежелден келе жатқан, отаншылдық пен елшілдікпен тұтасып жатқан қасиетті тақырыптардың бірі. Гүләйім «Сүйінғара сыбаға» өлеңінде Адай елінің атақты батыры Сүйінғараның намыскер болмысын, ол туралы аңызда айтылатын «сыбаға» дәстүрін жырға қосса, «Күйініш» балладасында Әбілқайыр ханның өлімі үшін кек қуған Бопайдың төркіндерін бастап келген Шотан батырдың Барақ сұлтаннан кек қайтаруын бейнелейді. Өлеңнен ұлт тарихымен астасып жатқан елдік пен ерлік, ар мен намыс, адамгершілік пен абырой секілді құндылықтардың маңызын танимыз.

Ақындық шығармашалықта лирикалық кейіпкердің орны мен маңызы ерекше. Өлеңде өз атынан сөйлеуші кейіпкер – негізінен осы лирикалық кейіпкер ретінде оқырманымен сырласады, өзінің ішкі ғаламындағы жан сырын жайып салады. Г.В.Гегель айтқандай: «Бейнеленетін нысанаға (объектіге) суреткердің шынайы субъективтік қызығушылығының бір қыры – оның өзін танытқысы келуі. Оған дайын күйіндегі шығармадан гөрі жаңадан туатын субъект арқылы өзін-өзі танытатын шығарма жазу артық» [6, 50 б.].

Ақындар заман мен қоғам жайлы жыр толғағанда, осылайша өз атынан

сөйлегенмен, В.Г.Белинский, «ақын өзі туралы айтса да, ол жалпы халықтың атынан сөйлеуге бейім» [7, 234 б.] болатынын көреміз. Өйткені, ақынның толғайтыны – жеке өзінің ғана емес, жалпы қоғамның жайы, адамдардың тағдыры. Сондықтан жас ақындар да қоғамның бүгінгі жайын, түрлі проблемаларды жырлауды назардан тыс қалдырмайды.

Г.Дәулетбаева «Маңғыстауға мұң шағу» өлеңінде: «Ей, Маңғыстау! / Сенде тудым – бұл мәңгілік мәртебем, / Меншігімдей көрінеді әр төбең. / Жүрегімнің жыр-қауызын жарғызып, / Дәл өзіндей туса деп ем мәрт өлең!» – деген туған өлкеге деген перзенттік махаббатын поэзияға іңкәрлік сезімімен сабақтастыра бастайды да, Маңғыстаудың қазіргі жайын – дархан даланың ең байлығының қызығын дегерлікпен тұрғындарына бұйырмай, келімсектердің қойны-қонышын толтыра қомағайлана ұрлауына ренішін жеткізіп, туған даласына мұң шағады: «...Бауырыңа келімсектер таласар, / Өле кетсем, – жоқ қимасым санасар. / «Тірлігінде жылымады бойы» деп, / Бір-ақ уыс топырағыңмен жаба сал» [5, 116 б.], – деп элегиялық-мұңды әуенмен аяқтайды.

Бұл жерде ақынның туған жерді жырлай отырып, оның басындағы проблеманы көтеруі – автордың азаматтық позициясымен астасып жатқан күрделі құбылыс. Белгілі ғалым В.В.Виноградов айтқандай: «Әлбетте, автордың тақырыпқа жай ғана қатынасынан гөрі «автор образы» әлдеқайда терең, кең әрі жан-жақты болмақ» [8, 215 б.]. Демек, авторлық қатынас тек автордың өз күйін ғана емес, оның ең жақын рухани әлемін, өзі өмір сүріп отырған кеңістігін, қоғамы мен заманының жайын өзегінен өткізе терең қамтып отырады. Гүләйім жырларында мұндай ұлтының жоғын жоқтап, санасына сәуле түсіруге тырысқан патриоттық сарынмен суарылған жолдар жиі ұшырасады.

Әдебиеттегі өзінің қадамын нықтап, оқырмандарына жақсы танылып қалған жас ақын Нұргүл Маулианың нәзік ли-

рикасы кім-кімнің де жүрегіне жылы тиетін әсем айшықтарға толы. Ол өзінің алған тақырыбын терең зерттеп барып, қолына қалам алады. Айтайын дегенін еш бүкпесіз, бірақ ерекше тұспалмен, тосын реңк-бояулармен құбылтып отырып жеткізеді.

Оның жырлайтын тақырыбы да әр алуан. Ол жастық шақтың бейкүнә да нәзік сезімдерін, достық пен сүйіспеншілік қырларын жырласа, өмірдің сан алуан мәселелерін, адамдар арасындағы сыйластық пен қасиеттілікті, қазақтың қасиетті салт-дәстүрін тебірене толғайды. Сондай-ақ елге қадірлі, өзінің алдында да өнегесімен із қалдырған сыйлы жандардың жырға қосып, ризашылығын білдіреді. «Жібекке сыр, айтып жүріп Баянға ән, / Қалам тербеп, қауырсынын таянғам. / Сырларыма сырға тағып ақ шағыл, / Армандары ақ таңдарда оянғам. / ...Мәуелі бақ іздеп жүріп гүл-жаздан, / Мұнарадай мұнша ғашық Мұмтазға ән. / Құла түзде құйын сұрап сүйінші, / Ең алғашқы жырларымды құм жазған» [9, 4 б.], – деген жыр жолдарында нәзік сезімге елтіген жырға деген құштарлық та, өмірдің әр сәтінен өлең іздейтін ақындық шабыт та, алғаш поэзияға құштар еткен құла түздің құмды даласы болып келетін туған жерге деген сүйіспеншілік те бар.

Әр халықтың тарихы мен шежіресі – ата-бабадан келе жатқан тарихи оқиғалар мен жөн-жоралардың жиынтығы, аләдет-ғұрып пен салт-дәстүр – халықтың ғасырлар бойы жинақтаған озық тәжірибелері мен өнегелі істерінің қорытылған нәтижесі болса, ана тілі – солардың бәрін біздің ұрпаққа жеткізіп келген және өткеніміз бен келешегімізді жалғастыратын халқымыздың қарым-қатынас құралы. Ұлт боп ұйысу үшін осы негіздердің маңыздылығы әрбір саналы ұлт өкілі үшін түсінікті болуы керек. Мұның маңызын жас ақындарымыз өздерінше әр қырынан жырлап келеді.

Әсіресе, Нұргүл Маулианың қазақтың салт-дәстүрін суреттеуі ерекше. Оның өлеңдерінің атауларынан-ақ салттық поэзияның сарыны танылып тұрады. Мысалы, «Мұрындық»,

«Сексеуілдің селдіреген қатары», «Киіз үй», «Ұршық», «Жусан», «Шәй», «Сәукеле», «Сексеуіл», «Ертегі», «Кестелі орамал» т.б. өлең-жырларында жылы лиризммен қазақтың тұрмыс-салтындағы ұлттық нақыштарды, бұйымдарды, жол-жоралар мен әдет-ғұрып ережелерінің мәнін әдемі суреттейді. Ақын үшін қазақтың әрбір ұлттық салт-дәстүрінің, нышан-тәпсірінің орны бөлек. Оның жырлағанда ата-анадан көрген қасиет, бала кезден бойға біткен иба мен арнамыс, замандас апа-ағаларының сол жолды жалғастырып келе жатқан өнегесі – осылардың бәрі ақынның жастарға жол көрсетер әдемі жыр жолдарын тудыруға баспалдақтар іспетті.

Нұргүл – қазақтың дәстүрлі мәдениетінің құндылықтарын аса ықыласпен жырға қосып жүрген этнограф ақын. Маңғыстаудың Бейнеу секілді шығанда жатқан қазақы аулында өсіп, жастайынан ата-әжелердің тәрбиесін көріп, қаймағы бұзылмаған қазақы ортадан қазақы тәрбие алған ақын қыз сол халық өнері мен тұрмысының этнографиялық суреттерін ерекше шабытпен жырлайды және оны көзге елестетерліктей айқын-дықпен, жүрекке ұялайтындай образдылықпен бере біледі. Мысалы, «Киіз үй» өлеңінде қазақтың киіз үйін былайша суреттейді: «Кеудеме бір керемет күй құлады, / Сезімді сипат өтіп ұйқыдағы... / Жанымның жазиралы жайлауында / Ақ орда алты қанат үй тұрады. / ...Жалғанған оюлармен үзік арман, / Маржанын сұлулықтың сүзіп алған; / Ораулы шилері де қандай әсем, / Анамның саусағының ізі қалған. / Басына керегенің жанатты іліп, / Қиялмен бұрымымды тарап тұрып; / Өшпеуін түтінімнің тіледім мен, / Маздаған жерошаққа қарап тұрып» [9, 25 б.].

Бас-аяғы он шақты шумақтан тұратын осы өлеңде киіз үйдің ішкі жабдығы мен сыртқы құрылысы көркем суреттеліп, ата-бабадан қалған қасиетті мұраға деген автордың махаббаты көрінеді. Ұлттың материалдық мұрасын мақтаныш етумен қатар ұлттық сана мен менталитетке тән әдеп, салт, дәстүр құндылықтарын

жоғары көтере ұлықтайды.

Нұргүлдің қазақтың тұрмысына, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүріне арналған мұндай өлеңдерін оқығанда I. Жансүгіровтің этнографиялық өлеңдері еске түседі. Классик ақын «Қазақ үйдің тұрмысы» өлеңінде: «Ақ үйге алты қанат келсем кіріп, / Босаға, маңдайша мен табалдырық, / Кереге алты жапсар, алпыс уық, / Шаңырақ, күлдіреуіш оған жуық...», – деп киіз үйдің жабдықтары мен бұйымдарды түгендеп, ондаған заттардың атауын келтіре келе: «...Басқа түрлі жабдығын санай алмай / Сыртқы үзігін көрмекке кеттім шығып» [10, 16 б.], – деп түйіндеуші еді ғой.

Ілияс ақын, сондай-ақ, «Ұршық», «Қақпан», «Домбыра», «Сабын», «Сап-таяқ», «Көші-қон» секілді өлеңдерінде қазақ тұрмысына қажетті де қадірлі бұйымдарды қасиетті жәдігердей әдемі де әсерлі жырлаған. Мысалы «Ұршық» өлеңінде: «...Оймышты ұшқат, ырғай сап, / Ұршығым, сені қолға алам. / Ұршығым ұшқыр, нар тайлақ, / Жез бұйдалы желмаям. / Желмаям, желші, нар тайлақ, / Тартына берме тайтаңдап. / Тартына берсең тайтаңдап, / Тақымдап қоям қайта айдап» [10, 48 б.], – деп қазақтың қасиетті ұршығын әдемі суреттейді.

Ал Нұргүл де қазақтың жанын оның ата-бабасы тұтынған жәдігерлер мен ұстанған жолынан іздейді. Соны жеріне жеткізе айтып, жүрегіңе қондыра жырлай келіп, соңын ойлы-тәлімді шумақпен түйіндеп отырады. Мысалы, «Ұршық» өлеңінде: «...Көрінбей кетсе, құдіреттің де көзі өлер, / Аналар кеше әспеттеп жүрген өз-өнер. / Оймағың қайда қызыңа кесте үйретер, / Ұршығың қайда, жаулығың қайда, әжелер?» [9, 26 б.] – деп риторикалық сұрақ қойса, «Сәукеле» өлеңінде: «...Сағыныштан сары күз боп іреңім, / Елеңдеп тұрар түзге күреңім. / Жұпарын шашар жан сарайыма / Жусанның иісін іздеп жүремін» [9, 34 б.], – деп жан сырын жайып салады. «Ақ бесік» өлеңінде: «...Ән тыңдап әсем / Мақпалдай тұнық кешіңнен, / Жайнадым гүлдей / Өзіңдей жаннат бақта өсіп. / Анам да мұнда / Орамалына орап өсірген, / Армандарымның /

Құндағы болған ақ бесік!» [9, 33 б.] – деп ақ бесіктің даңқын көкке көтереді.

Туысқандық сезім, қазақтың ағайын-гершілігі – қазақ баласы үшін атадан келе жатқан бауырмалдықтың, мейірімділіктің бастауы болып табылатын қасиетті сезім. Сондықтан ақындарымыз қазақтың туысқандық сезімін жырлауды да ақындық борыш деп түсінеді. Мысалы, Н.Маулина «Ауылды аңсау» өлеңінде туған аулы Бейнеуге әркез асығып жетуінің себебін осы туған жердегі «ағаның үйі – ақ мешіттің» барлығымен түсіндіреді. Асыл аға мен аяулы жеңешенің образдарын «Қалбалаң қағып шығады ағам алдымнан, Ақтарып тастап ақ сүттей болған көңілін», «Мен аңсап жеттім ауылдың иісін, жеңеше, Жерошақ құрып, шайынды шоққа демдеші» деген жолдармен жеткізеді. Осындай қымбат жандардың асыл бейнелерін ақынның ауылға деген ыстық сағынышына орап тұжырымдайды: «... Ауылым десем, тұлпары жырдың дара кеп, / Таңдайға мынау тылсымнан лағыл тамады от. / Киесін ұрып табаным тиген мекеннің, / Жүрегім менің соғады менің «Дала» деп [9, 28 б.]

Қазақтың қадірлі сусыны, жай ғана сусын емес, әңгіме соғып, сыр ақтарып отырып ішетін, әсіресе әйел адамдардың өміріндегі орны бөлек шайдың кереметін жеңгесі Жаннатқа арнаған «Шәй» өлеңінде былай деп әдемі кестелейді: «...Алыс емес көрінеді-ау Ай да аса, / Жан жайлауын бұл қуаныш жайласа. / Балқаймақпен баптап іше білгенге, / Шәй да рахат, сексеуілге қайнаса! / Сол бір кезде сәл кідіріп айла сан, / Дүбірлетіп дархан дүние той жасар. / Ұмытып бар күйбең, күйкі тірлікті, / Самаурынның жанына кеп жайғасам...» [9, 32-б.]

Ал «Ата дәстүрді аңсау» өлеңінде Нұргүл ақын: «Білуге деген жақсы мен жаман арасын, / Ескілеу менің заманәуи көзқарасым. / Ата дәстүрді аяққа таптап, досым-ау, / Түсінбей жүрмін, қай жаққа кетіп барасың?» [9, 74 б.] – деп ата дәстүрден алшақтап бара жатқан замандастары мен жас буынға ренішін жеткізе отырып, бүгінгідей ешқандай жоқшылық пен таршылық көрмей өскен ұрпақтың

бойындағы ата жолын ұмытқан кейпін бірер мысалдармен шолып өтіп, ескерту жасайды: «...Айтқызып қойса, көсемсің өзің, шешенсің, / (Білігі жоққа айтылған ақыл – бекер, шын), / Иінағаштың салмағын сезбес иықтар / Тұрмыстың азмаз салмағын қайтіп көтерсін» [9, 54 б.]

«Ақынның өз тұлға-бейнесі оны тебіrentкен ой-сезімдерден, айтылып-баяндалып отырған өмірдегі әр алуан түрлі жағдайларға, қоғамдық мәселелерге, әр түрлі адамдардың іс-әрекеттеріне оның қатынасынан, берген бағасынан айқындала түсіп, жан-жақты толық көрінісін табады», – дейді әдебиеттанушы ғалым, қазақ өлеңінің теориясын зерттеуші З.Ахметов [11, 147 б.]

Ақын кей өлеңдерінде өмірдегі бар нәрселерді, құбылыстарды суреттей келе, оның астарлы мағынасына көз жіберіп, ұқсату арқылы басқа бір нәрсені сөз етуге де бейімділік танытады. Мысалы, ақынның «Мұрындық» аталатын өлеңінде қазақтың дәстүрлі шаруашылығы мен тұрмысындағы мұрындық пен ноқта секілді бұйымдардың қолданысын, мән-маңызын айта келе, былайша аяқтайды: «...Өтті жылдар, уақыт сырын ұғындық, / Бәрі өзгерді, қоғамға сай құбылдық: / Бір ағамның мойнында жүр ноқтасы, / Бір ағамның тұмсығында – мұрындық. / Ата-бабам мұра қылған жеті өнер, / Сын айтасың, қай ұрпағың көгерер? / Бөріктің басында жүр ноқтасы, / Ал, Орамал, жетекте де кете бер! [9, 14 б.]

Бұл өлеңде қазақтың шаруашылығында кезінде кеңінен қолданылған мұрындық, ноқта секілді малға кигізілетін бұйымдарды суреттей келе, енді оны астарлы мағынада алып, қазіргі кезде кейбір жігіттердің әйелдің сөзіне еріп, соның айтқанынын шықпайтын мінезін келекелеу үшін мұрындық пен ноқта сөздерін пайдаланады. Бұл жерде ноқта, мұрындық, орамал сөздеріне мрониялық мағына да беріліп тұр. Сөйтіп, автор жеңіл әзілдің ыңғайымен әйелдерінің сөзінен шыға алмайтын ағаларын да бір шымшып өтеді.

Ғалым А.Н. Веселовскийдің: «Кез келген тұлғаны суреткер ретінде оның

шығармашылықта қол жеткен биігінен танымыз» [12, 53 б.], – дегеніндей, жас ақындардың ішінде болашағынан мол үміт күттіретіндері осы бастан өздерінің поэтикалық бағытын айқындай бастады. Поэзияға түрлік, мазмұндық және поэтикалық жағынан нақты жаңалықтар әкеле қоймаса да, «өзінше айтуға» деген талпыныстарының өзі олардың дұрыс бағытта еңбектеніп жүргенін көрсетеді және сол үміт тудырады дегіміз келеді.

Жастар шығармашылығындағы көркем ізденіс іздерін, негізінен, олардың өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктерінен көреміз. Ақын өмірлік барлық проблемаларды өз жан-дүниесі арқылы толғанып, лирикалық кейіпкердің атынан жеткізеді. Сондықтан ақын образы көбінесе осы лирикалық кейіпкер арқылы көрінеді. Көрнекті неміс философы Ф.Ницше: «Ақындардың образдары – ақыннан өзге ешкім де емес, тек бұл оның өлеңінде әр түрлі пішіндегі объективті тұрпаты ғана, сондықтан ол осынау ұлы әлемнің тұтқасы ретінде «мен» деп сөйлеуге толық хақысы бар», – деп жазған болатын [13, 168 б.].

Қорытынды

«Поэзия – ұшқыр жанр – ол тез таралады, оқушыға етер әсері де тез. Сол тез әсер тез ұмытылмау, жойылмау үшін өмірдің ең бір қиын, ең бір күрделі проблемаларын көрсету жолында ақындар атсалысады. Поэтикалық шығарма ұшқыр болса, тез ұшса, – жеңілдікпен ұшпайтыны өзінен-өзі түсінікті. Өлеңнің шын сарапшысы – уақыт. Ақынды да уақыт тудырады» [14, 193 б.], – деп жазған еді атақты ақын Ж.Нәжімеденов.

Ақын өзі өмір сүріп отырған кезеңдегі әлеуметтік мәні бар маңызды мәселелерге имандылық пен гуманизмге толы философиялық толғаныстар, қоғамдық көзқарастар арқылы үн қосып отырады. Нағыз лирикалық жырлар ақынның өз меншігінен шығып, жалпы халықтық қазынаға айналады, әрбір оқыған жаңды рухани байыта түседі. Адамның бір оқығанынан ішкі жан дүниесіне бойлай сіңетін, бүкіл жан-дүниесін билеп алып, тебіреністі

де толғанысты сезімдерді басынан кешіретін – осы лирика. Сондықтан бұл жанрға ұраншылдық жат, ол қоғамдық тапсырыспен жазылмайды. Ақын ағынан ақтарылып, өзінің жан дүниесінен қайнап шыққан бұрқақты асыл ойларын ғана лирикаға айналдырады. Ұйқасқанның бәрі бірдей өлең болмайтыны сияқты, лириканың құдіреттілігі оның қарапайым адамдардан бастап, небір жоғары интеллектілі адамдарға дейін мойындататынында, нағыз өнер мен өнер иесіне құрметпен қарататындығында.

Әр заман өз ақындарын туғызады. Әр кезеңдегі ақындардың жырларынан сол кездің болмысын танимыз, арман-мұраттарын ұғамыз, проблемаларын көреміз. Өйткені, ақын – өз заманының перзенті. Заманының көкейтесті мәселелері ақынның да жанын толғандырып, қолына қалам алдырады. Ол өз кезеңінің проблемаларын қозғап, өзі жүретінің қалауымен соларды шешудің жолдарын іздейді. Сол мақсат ақынды көркем сөздің құдіретімен жырлар тудыруға итермелейді. Ол жырлардың өміршең болуы, оқыр-мандарына жылы қабылдануы және ақынның абыройын асырып, өзіндік орнын табуы – ақынның шеберлігіне байланысты.

Жинақтап айтқанда, жас ақындар поэзиясында ұлттық құндылықтар аса маңызды сапа және атрибут ретінде көрініс тауып, болашақ дамуымыздың бір алғышарты түрінде жырлануда. Жастар шығармашылығындағы көркемдік ерекшеліктер тақырыптық-идеялық, формалық және стильдік тұрғыдан авторлардың өзіндік ізденістерімен толығып, ақындардың өнерден өз қолтаңбасын тауып, көркем мәнерін қалыптастыруға, өмірді өзінше жырлап, дәстүр мен жаңашылдықты сабақтастыра даму бағытын белгілеуде. Бұл авторлардың білімі мен білігіне, өмірді зерттей отырып, ой қорыту, баға беру, көркемдік шешім мен толғаулы тұжырым жасау машығын қалыптастыруда. Мұның бәрі ақындардың поэзияның асыл мұраттарын жақсы түсінетінін, сөз өнерін құрметтеп, ақындық өнерге адалдықпен қарайтынын көрсетсе керек. Сондықтан, маңғыстаулық ақындық мектеп өзінің

лайықты ізбасарларымен жалғастық тауып келеді деп сеніммен айта аламыз.

Әдебиеттер тізімі

1 Медетбек Т. Алтынкөпірліктер // *Жұлдыз*. – 2019. – № 9. – 69-76 бб.

2 Тоқаев Қ.К. Тәуелсіздік бәрінен қымбат // *Егемен Қазақстан*. – 2021. – 5 қаңтар.

3 Маңғыстау мақамдары. Маңғыстау облысы жас ақындарының жыр жинағы. – Алматы, Дәстүр, 2013.

4 Абай дәстүрі және тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ лирикасы // Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы, Арда, 2009.

5 Айнахан Есет. Гүлнар Науырша. Гүләйім Дәулетбаева. Маңғыстау ақын-жазушыларының кітапханасы. – Алматы. ҚАЗАқпарат. – 2013.

6 Гегель. Эстетика. В 4-х томах. 2 том. – М., 1971.

7 Белинский В.Г. Избранные сочинения. Том 5. – М., 1984.

8 Виноградов В.В. Проблема авторства и теория стилей. – М., 1961.

9 Маулина Н. Ай сырғалы ақ шағыл. – Алматы, Үш қиян, 2019.

10 Жансүгіров І. Бес томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы, Жазушы, 1986.

11 Ахметов З. Казахское стихосложение. – Алматы, 1964.

12 Веселовский А.Н. Историческая поэтика. – М., 1989.

13 Ницше Ф. Сочинение в двух томах. Т.1. – М., 1990.

14 Нәжімеденов Ж. Аспан шақырады. Әңгімелер, хикаяттар, мақалалар. – Алматы, Жазушы, 2005.

Transliteration

1 Medetbek T. Altynkopirlikler [Altynkopirlyk] // *Zhuldyz*. – 2019. – № 9. – 69-76 bb. (in Kaz)

2 Tokaev Q.K. Tauelsizdik barinen qymbat

[Independence is more precious than anything // Independent Kazakhstan] // *Egemen Qazaqstan*. – 2021. – 5 qantar. (in Kaz)

3 Mangystau makamdary. Mangystau oblysy zhas aqyndaryнын zhyr zhinagy [Mangistau statuses. A collection of poems by young poets of Mangistau region]. – Almaty, Dastur, 2013. (in Kaz)

4 Abai dasturi zhane tauelsizdik kezenindegi kazak lirikasy [Abai tradition and Kazakh lyrics in the period of independence] // Abai dasturi zhane kazirgi kazak adebiyeti. – Almaty, Arda, 2009. (in Kaz)

5 Ainahan Eset. Gulnar Nauyrsha. Gulaiym Dauletbaeva. Mangystau akyn-zhazushylaryнын kitaphanasy [Ainakhan Eset. Gulnar Nauyrsha. Gulayim Dauletbaeva. Library of Mangistau poets and writers]. – Almaty, QAZakparat, 2013. (in Kaz)

6 Gegel'. Jestetika [Aesthetics]. V 4-h tomah. 2 tom. – M., 1971. (in Russ)

7 Belinskiy V.G. Izbrannye sochineniya [Selected compositions]. Tom 5. – M., 1984. (in Russ)

8 Vinogradov V.V. Problema avtorstva i teoriya stiley [The problem of authorship and style of theory]. – M., 1961. (in Russ)

9 Maulina N. Ak syrgaly aq shagyl [White pebble with moon earrings]. – Almaty, Ush qiyana, 2019. (in Kaz)

10 Zhansugirov I. Bes tomdyq shygarmalar zhinagy [Collection of works in five volumes]. I tom. – Almaty, Zhazushy, 1986. (in Kaz)

11 Ahmetov Z. Kazahskoe stihoslozhenie [Kazakh poetry]. – Almaty, 1964. (in Russ)

12 Veselovskiy A.N. Istoricheskaya poetika [Historical poetics]. – M., 1989. (in Russ)

13 Nicshhe F. Sochinenie v dvuh tomah [Composition in two volumes]. T. 1. – M., 1990. (in Russ)

14 Nazhimedenov Zh. Aspan shakyrady. Angimeler, hikayattar, makalalar [Heaven is calling. Stories, stories, articles]. – Almaty, Zhazushy, 2005. (in Kaz)

АВТОР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Әділет Дыбысұлы Қабылов

филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан, email: adlet_kabylov@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-9960-2380>

Адилет Дыбысович Кабылов

кандидат филологических наук, профессор, Каспийский университет технологии и инжиниринга имени Ш. Есенова, Ақтау, Казахстан, email: adlet_kabylov@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-9960-2380>

Adilet Kabylov

Candidate of Philological Sciences, Professor, Sh. Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Aktau, Kazakhstan, email: adlet_kabylov@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-9960-2380>

АНИМАЦИЯ ЖАНРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ АЙҚЫНДАУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

¹О.С. Бурибеков, ²С.Е. Нурмуратов, ³Б.А. Сайнанов, ⁴Р.С. Сартаева

АҢДАТПА

Мақалада қазіргі әдеуметтік жаңғыру кезеңіндегі визуалды мәдениеттегі кең ауқымда көрініс таба бастаған анимация өнеріне талдау жасалып, оның ұлттық-мәдени бірегейлікті қалыптастырудағы орны мен, оны жүзеге асыру механизмдері зерттелген. Өскелең ұрпақтың ұлттық мәдениетімізде қолданысқа ие болып отырған анимация жанрына деген көзқарастар мен заманауи мультипликация мазмұнының әсері жайында сауалнама нәтижелері ұсынылған. Мультипликация арқылы мәдениеттер саналуандылығын баяндайтын сюжеттер барысында мәдениеттер арасында байланыс құру мүмкіншілігі қарастырылып, оның қолданбалы маңызы көрсетіледі.

Түйін сөздер: мультфильм, мәдениеттану, ұлттық сана, анимация, тәрбие, мәдени бірегейлік.

^{1,3} Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

^{2,4} ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:
О.С. Бурибеков,
onlasyn777@mail.ru

Мақаланың сілтемесі:

Бурибеков О.С.,
Нурмуратов С.Е.,
Сайнанов Б.А.,
Сартаева Р.С. Анимация жанры және оның ұлттық бірегейлікті айқындаудағы маңызы // Адам әлемі. – 2023. – № 2 (96). – Б. 25-34.

Бұл мақала ҚР БҒМ ҒК-нің қаржыландыру аясында № BR10965263-ОТ-21 «Социальная модернизация казахстанского общества: идейно-мировоззренческие основания, концептуальные модели, социокультурные процессы, социально-политические технологии» бағдарламасы аясында әзірленді.

Жанр анимации и его значение в определении национальной идентичности

Аннотация. В статье анализируется искусство анимации, которое начинает активно проявляться в широких масштабах в современной визуальной культуре, кроме того, исследуется его место в формировании национально-культурной самобытности и механизмы ее реализации. Представлены результаты анкетирования подрастающего поколения о влиянии содержания современной мультипликации и подходов к жанру анимации, который используется в нашей национальной культуре. В ходе сюжетов, рассказывающих о многообразии культур через мультипликацию, рассматривается возможность создания связей между культурами, демонстрируется ее прикладное значение.

Ключевые слова: мультфильм, культурология, национальное сознание, анимация, воспитание, культурная идентичность.

The Genre of Animation and its Role in the Definition of National Identity

Abstract. The article analyzes the art of animation, which began to be reflected in a wide range in modern visual culture, examines its place in the formation of national-cultural identity and mechanisms for its implementation. The results of a survey on the attitude of the young generation to the genre of animation, which is used in our national culture, and the influence of modern

content of animation are presented. In the course of stories telling about the diversity of cultures through multiplicity, the possibility of creating connections between cultures is considered and its applied significance is shown.

Key words: Cartoon, Cultural Studies, National Consciousness, Animation, Education, Cultural Identity.

Kіpіcne

Ұлттық бірегейлік тақырыбы мено-
тандық және әлемдік анимация сала-
сында жазылған ғылыми еңбектерді
зерделей келе, қарастырылып жатқан
мәселе өзекті және кешенді мәселе
екені анықталды. Қазіргі уақытта ви-
зуалды көркем шығармалар арасын-
да бұқаралық мәдениетке ең танымалы
мультфильмдер екенін ескерсек,
онда бұл жағдаят оның жас ұрпақтың
дүниені түсінуіне әсер ету құралы екенін
білдіреді. Ерекше өнер саласының
шығармалары кез келген ұлттың өзіндік
санасындағы өзін-өзі тану процесінен
бастап, біртұтас дүниетанымын да
қалыптастыруда үлкен позитивті рөл
атқарады. Заманауи әлемдік мәдениет
қазіргі жаһандану кезеңінде вербал-
ды негіздерге сүйенген сөз өнерінен
құбылыстарды визуалды бейнелермен
айшықтайтын мәдени матрицаларға
қарай қарқынды ауысуда. Әлеуметтік
құндылықтар мен дүниетанымдық
көзқарастарды қалыптастыратын ви-
зуалды ақпараттар контенті заманауи
көрермен қызығушылығын арттыруы-
на байланысты кең ауқымданып, өзінің
ықпал ету аясын кеңейтуде.

Жалпы кино өнері өткен ғасырдан
бері адамзат мәдениетінің маңызды са-
ласына айналды. Ал енді қазіргі таңда
анимациялық кино аудиториясы тек
балалармен шектелмей аға буынды да
қамти бастады және бұл гуманитарлық
сала азаматтардың жасы мен әлеуметтік
мәртебесіне қарамастан мәдени
сұранысқа ие болып жатқаны бай-
қалады. Көрермен ауқымының кеңдігі
мен көркем шығармашыл тілі туынды-
ларды тартымды ғана қылып қоймай,
фильм желісіндегі дәстүрлер мен
заманауилық инновациялар көріністері
кең мағынадағы мәдениетаралық
байланыстарға жол ашады.

Тарихи анимациялық фильмдер түр-
лі ұлттардың ауыз әдебиеті, аңыз бен

жырлары, жалпы фольклоры негізінде
жасалынатыны белгілі. Авторлар ани-
мацияны ерекше рухани құбылыс
ретінде этномәдени бірегейлікті қалыптастырудың бірегей құралы деп қарастырады. Анимациялық фильм өнер тұрғысынан алғанда мәдениеттердің көп-түрлілігін айқындауда ұтымды балама әдіс бола алады. Осы мүмкіндік анимацияның ұлттық бірегейлікті қалыптастыру әлеуетін зерттеуге негіз болып табылады. Мультипликация өнері қазіргі кезеңде жан-жақты қырларынан ғылыми зерттеліп келеді. Зерттеулерді талдау арқылы белгілі болғандай кейіпкерлер образы арқылы ортамен қарым-қатынас, адамгершілік, дәстүрлерге құрмет пен отбасы құндылықтары қалыптастыру мүмкіндігі мол [1, 152–173 б.]. Ғылыми мақала тақырыбының өзектілігі мен маңыздылығы қоғамдағы жас ұрпақтың дүниетанымдық жүйесін қалыптастыру мен дамытумен байланысты, сонымен қатар заманауи кезеңдегі ұлт болмысының әр түрлі қырларын жіктелеумен, жүйелеумен астаыруда болып отыр.

Әдіснама

Ұлттық және мәдени бірегейлікті қалыптастыру процесін зерделеудің жан-жақты теориялық әдіснамасын қолдану арқылы қолданбалы мағынадағы маңызы бар мультфильм сюжетінің әлеуметтік ортада қабылдануын нақты зерттеу үшін әлеуметтанулық зерттеулер арқылы қол жеткізілетін сауалнама әдісі таңдалды. Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі ұлттық және мәдени бірегейлікті қалыптастырушы факторларды жүйелі талдау арқылы анықтау жатады. Сонымен қатар әртүрлі әлеуметтік орталардың (бұқаралық ақпарат құралдары, отбасы, білім беру мекемелері, мәдени орта т.б.) функцияналдық маңызы ескеріле отырылып, көпәтностық қоғамда тиімді

Understanding the theory of migration is essential for the development of public policies focused on the management of migration flows. In addition, knowledge of the theory of migration helps to better understand the life experiences of migrants and increase their social integration.

In general, migration theory is a key tool for studying and managing migration processes at the global level. Its understanding helps formulate beneficial policies, increases the effectiveness of the social and economic integration of migrants in their countries of destination, and, ultimately, contributes to the progress and prosperity of society as a whole.

Since the 20th century, scientists have studied the process of migration and developed the basic laws of migration. For many years, the theory of migrant assimilation was considered the only and main approach to the integration of migrants. But after the Second World War, a migration flow began in Europe that was different from that in the United States. Therefore, European countries began to develop their own theories of migrant integration, such as multiculturalism and transnationalism. Despite the fact that all the proposed theories have shortcomings and are criticized, they remain relevant to this day.

In conclusion, modern theories of migrant integration suggest different approaches to the adaptation of immigrants to a new environment. However, it is important to understand that each case is different, and the choice of integration model should be made according to the specific situation. In any case, the main goal should be the creation of a society where everyone has the right to their own cultural traditions and equal opportunities.

References

- 1 V mire naschityvaetsja primerno 281 mln mezhdunarodnyh migrantov [There are approximately 281 million international migrants in the world] // [Electronic source] URL: <https://news.un.org/ru/story/2022/02/1418252> (the date of referring: 25.05.2023). (in Russ)
- 2 Castles S., Miller M. The Age of Migration: International Population Movements in the Modern World, 4th edn. – Basingstoke, Palgrave Macmillan, 2009. – 370 p.
- 3 Ravenstein E.G. The Birthplaces of The People And The Laws Of Migration. – London: Kessinger Publishing, 1876. – 64 p.
- 4 Lee E. S. A Theory of Migration // Demography. – 1966. – No. 1. (3). – P. 47-57.
- 5 Piore M. Birds of passage. Migrant labour and industrial societies. – New York: Cambridge University Press, 1979. – 240 p.
- 6 Duncan H.G. Immigration and Assimilation. – Boston: D. C. Heath, 1933. – 88 p.
- 7 Park R.E. Race and culture. – Glencoe: Free press, 1950. – 403 p.
- 8 Gordon M. Assimilation in American life: the role of race, religion, and national origins. – New York: Oxford University Press, 1964. – 288 p.
- 9 Glazer N., Moynihan D. Beyond the melting pot, Second Edition: The Negroes, Puerto Ricans, Jews, Italians, Irish of New York City. – Cambridge: MIT Press, 1970. – 364 p.
- 10 Alba R., Nee V. Remarking the American mainstream: assimilation and contemporary immigration. – Harvard: Harvard University Press, 2003. – 384 p.
- 11 Vertovec S., Wessendorf S. The Multiculturalism Backlash: European Discourses, Policies and Practices. – London: Routledge, 2010. – P. 1-32.
- 12 Sarrazin T. Deutschland schafft sich ab. – Berlin: Deutsche Verlags Anstalt, 2010. – 464 p.
- 13 Glick Schiller N., Basch L., Szanton Blanc C. From Immigration to Transmigrant: Theorizing Transnational Migration // Anthropological Quarterly. – 1995. – No. 1 (68). – P. 48-63.
- 14 Migranty v Rossii: "risk jetnicheskih anklavov" i zaprety na professii v Kaluge [Migrants in Russia: "risk of ethnic enclaves" and bans on professions in Kaluga] // [Electronic source] URL: <https://www.bbc.com/russian/news-60327296> (the date of referring: 25.05.2023). (in Russ)

Shakeyeva B., Bastaubayeva A.

15 Kajzer M. i dr. Sosushhestvovanie jetnicheskikh grupp v Kazahstane [Coexistence of ethnic groups in Kazakhstan]. – Almaty, 2017/2018. – 76 s. (in Russ)

16 Alff H. Soziale Netzwerke statt staatlicher Hilfe: Mobilitaet und Integration kasachischer Migranten im «Land ihrer Vorvaeter». – Zentralasien-Analysen, 2011. – P. 2-5.

INFORMATION ABOUT AUTHORS

Botakoz Shakeyeva

Senior lecturer, PhD, Turan University, Almaty, Kazakhstan, email: botashakeeva@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-6708-9068>

Aliya Bastaubayeva

General Secretary, PhD, Overseas Korean Research Institute / 재외동포연구원, Seoul, Republic of Korea, email: aliyafight@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-8098-7068>

Ботакоз Рахимбековна Шакеева

аға оқытушы, PhD, «Тұран» Университеті, Алматы, Қазақстан, email: botashakeeva@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-6708-9068>

Алия Жолтаевна Бастаубаева

бас хатшы, PhD, Шетелдік корей ғылыми-зерттеу институты, Сеул, Корея Республикасы, email: aliyafight@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-8098-7068>

Ботакоз Рахимбековна Шакеева

старший преподаватель, PhD, Университет «Туран», Алматы, Казахстан, email: botashakeeva@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-6708-9068>

Алия Жолтаевна Бастаубаева

генеральный секретарь, PhD, Зарубежный корейский исследовательский институт, Сеул, Республика Корея, email: aliyafight@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-8098-7068>



ИСЛАМДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҚАРИЛЫҚ МЕКТЕПТЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

¹А.Д. Құрманалиева, ²Қ.С. Бағашаров, ³Т. Қожа

АҢДАТПА

Ислам тарихында қарилық мектептер Құран Кәрімді зерттеуге, оны дұрыс түсініп, одан үкімдер алуға және Құран мазмұнын өзге аймақтарға жеткізуде үлкен рөл атқарды. Қарилық – Құран ілімдерінің оқылу және жатталудың қағида-ережелерін, методикалық әдіс-тәсілдерін құраушы негізі. Құран меңгерген қарилар – Құран Кәрімге қатысты білімі мен танымын арттырушы, жоғары мәдениеттілікке қол жеткізушілер ретінде құрметке ие. Өйткені, ислам әлемінде білім, ғылымның бастауы болған Құран Кәрімге қатысты ілімдерден нәр алу – адамның ақылын нұрландырып, мінез-құлқын кемелдендіреді, жүрегін тыныштандырып, рухын асқақтатады. Исламтанулық білім негізінде танымның әрқилы салаларымен қатар, білім мен тәрбиені қатар берумен сипатталатын, терең рухани қасиеттер дарытатын имандылыққа негізделген қарилық мектептердің қалыптасу және даму тарихын зерттеу өзекті. Себебі, қарилыққа, жалпы ислам дініндегі (ең алғаш түскен Құран аяты – «Оқы» болды) білімге деген құрмет ғалымдарды адамның әлеуметтік, биологиялық және рухани қырларын зерделеуге итермелеп, гуманистік тұрғыдан жетілген тұлға – «кемел адам» қалыптастыруға деген ұмтылысына әкелді. Гуманистік тәрбиені жүзеге асыру технологиясы адам дамуының ырғағымен бірге әрдайым зерттелу үрдісінде болуы заңдылық.

Түйін сөздер: Құран, қарилық мектеп, қырағат ілімі, мәнһадж, рауи.

^{1,3}Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Т. Қожа,
kozha.toktiyar@gmail.com

Мақаланың сілтемесі:
Құрманалиева А.Д.,
Бағашаров Қ.С.,
Қожа Т. Исламдағы алғашқы қарилық мектептердің қалыптасуы // Адам әлемі. – 2023. – № 2 (96). – Б. 119-130.

Formation of the First “Qari” Schools in Islam

Abstract. In the history of Islam, the “qari” schools have played a big role in studying the Quran, understanding it correctly, receiving huqms from it and bringing the contents of the Quran to other regions. The Qari are the integral basis of the teachings of the Quran, methodological techniques and rules of reading and memorization. Qari, who own the Quran, are revered as carriers of high culture, increasing knowledge and cognition of the Quran. After all, in the Islamic world, knowledge, the teaching of the Quran, which became the beginning of science, enlightens a person’s mind, improves his behavior, calms his heart and elevates his spirit. On the basis of Islamic knowledge, it is relevant to study the history of the formation and development of moral schools, characterized by a number of different spheres of knowledge, upbringing and education, endowing with deep spiritual qualities. Because respect for caricature, for knowledge in Islam as a whole (the first verse of the Quran received was “read”) pushed scientists to study the social, biological and spiritual aspects of a person and led to the desire to form a humanistically mature personality - a “perfect person”. It is natural that the technology of implementing humanistic education in combination with the rhythm of human development is always in the process of being studied.

Key words: Quran, the “Qari” School, the Doctrine of Kirayat, Manhaj, Raui.

Формирование первых школ «карий» в исламе

Аннотация. В истории ислама школы «карий» сыграли большую роль в изучении Корана, его правильном понимании, получении от него хукмов и доведении содержания Корана до других регионов. Кари-составная основа учения Корана, методических приемов и правил чтения и заучивания. Кари, владеющие Кораном, почитаются как носители высокой культуры, повышающие знания и познание Корана. Ведь в исламском мире знание, учение Корана, ставшее началом науки, - просветляет разум человека, совершенствует его поведение, успокаивает его сердце и возвышает его дух. На основе исламоведческого знания актуальным является изучение истории становления и развития нравственных школ, направленных на различные сферы познания, воспитания и образования. Уважение к кари, к знаниям в исламе в целом (первым поступившим аятом Корана был «читай») подтолкнуло ученых к изучению социальных, биологических и духовных аспектов человека и привело к стремлению формирования гуманистически зрелой личности - «совершенного человека». Закономерно, что технология реализации гуманистического воспитания и развития человека всегда находится в центре научных исследований.

Ключевые слова: Коран, школа «карий», учение о кирағате, манхадж, рауи.

Кіріспе

«Қарилық» Құран меңгеру – Құранның Пайғамбарымызға (с.а.с) түскен уақытынан басталады. Қарилық – жазу, оқу, жатталу арқылы жүзеге асып, ислам дінінің шариғи негіздерінде барша мұсылмандарға парыз кифая (бір қоғам ішінде белгілі бір топтың Құран үйрену міндеті) ретінде бекітілген ілім. Араб тілінің өзіндік тілдік құрылымдары мен диалектік айырмашылықтары, кейін ислам дінінің өзге жерлерге таралуына байланысты Құранның оқылу өзгешеліктері қалыптасты. Бұл аймақтық қарилық мектептердің пайда болуы мен дамуына себеп болды. Ең алғашқы мұндай қарилық мектептер Мекке, Шам, Басра, Куфа, Иемен, Бахрейн және Медине жерлерінде бас көтерді. Танымал саяхаттаушы Ибн Батута (1369 ж.д.с.) өз еңбегінде Басралық қарилық мектептердің Гренада мен Морокко жерлерінде бой көтергенін жазған. Бұл мектептер Құран оқудың қырағат ілімдеріне сай оқу мен жаттаудың өзіндік әдіс-тәсілдерін жасақтап шығарды. Сол арқылы Құран меңгеру ісі жүйелі тәртіпке қойылып, қарилық негізі жеңілдетілді. Қарилық мектептерде берілген танымдық білім мен ислам гуманизмінің нәтижесінде VIII-XII ғасырларда ислам ғылымы әлем елдерінде орнығып, антикалық мәдени және ғылыми-философиялық мұраны игергені де белгілі. Қазіргі таңда исламтанулық білім беруде Құранды меңгеру арқылы

берілетін имани тәрбиенің өзектілігі басымдыққа ие болып отыр. Еліміздегі қарилар медреселерінде өз елінің азаматы ретінде тәрбиелеуге бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар мен жаңа педагогикалық мәселелер негізінде Құран меңгерудің техникалық жолдары мен әдістерін іздестіру бұл тақырыптың тереңнен зерттеліп зерделенуін талап етеді.

Зерттеу әдіснамасы

Бұл мақалада негізінен интерпретациялық, аналитикалық талдау әдістері пайдаланылып, ислам шариғатындағы қари сөзінің тілдік мағыналары және терминдік анықтамалары, әртүрлі ғалымдардың көзқарасына сүйене отырып, салыстырмалы түрде талданады және жалпы теориялық тәсілдерді қамтитын әдіснама қолданылады: жүйелік, құрылымдық және мәдени-тарихи реконструкция әдісі, мәдени-талдау әдісі сияқты жалпы ғылыми зерттеу әдістері құрайды.

Негізгі бөлім

Қарилық мектептердің қалыптасумен даму тарихы

Исламда «Құранды сақтау (хифзу әл-Қуран)» мағынасы Құранның жазбаша нұсқаларын жасаумен қатар, Құран мәтінін толық өз жадында жаттау ұғымын қамтиды. Өйткені, жазуға түсірумен қатар

Құранды сақтауда оны жаттап алған адамдар үлкен рөл атқарды. Пайғамбар (с.а.с) заманында Құран жаттаған сахабалар саны жетеуден аспаған. Имам әс-Суюути «әл-Итқан» атты еңбегінде Әбу Убәйд әл-Қасым ибн Сәлләмның «әл-Қирағат» кітабында келген бірнеше Құран жаттаған муһажир және ансар сахабаларды атап өтеді. Бірақ, бұл сахабалардың бір бөлігі Құранды пайғамбардың көзі тірісінде жаттаған болса, бір бөлігі дүние салғаннан кейін жаттауды аяқтаған. Әл-Хафиз әз-Зәһәби «Табақат әл-Қурра» атты еңбегінде, атап өтілген сахабалар пайғамбардың (с.а.с) көзі тірісінде оған оқып бергендігін, ал олардан өзге Құран жаттаған сахабалардың саны өте көп екендігін айтады [1, 136 б.].

Омардың (р.а) халифалық кезінде кең тараған Құран жаттататын білім орталықтарының бірі «мектептер» еді. Қарилық мектептер– Құранды оқу ережелеріне (тәжуидке) сай оқитын діни қызметкерлерді дайындаумен айналысатын арнайы орталықтарға айналды. Қариға қойылатын шарттар: Құранды бастан аяқ жатқа білу, тәжуид ғылымын жан-жақты меңгеру, жеті қирағаттың мәні мен ерекшеліктерін, аяттардың тафсири (тәпсірі, мағынасы) мен түсірілу тарихын, толық білу болды. Умәуилер мен Аббасилер уақытында бұл мектептер дами түсті. Хижри екінші ғасырдан бастап әр ауылда кемінде бір мектептен болды. Бұл мектептер мешіттердің дәл жанында жеке ұйымдарға айналып, әрқайсысында құран жаттаған ұстаздар қызмет етті. Алғашында діни дәрістер де араб тілінде берілгенімен, ұлты араб емес шәкірттерге ауыр тие бастағандықтан, Құран аяттары парсыша, түрікше, урду және малай секілді тілдерде түсіндіріле бастады. Аббасилер уақытында «куттаб» атымен танылған мектептер Селжуктар кезінде «Сыбян мектебі» атымен танылса, Осман империясы кезінде «дәр әттағлим, дар әл-илм, махаллеҳана, таш мектебі, бастауыш мектебі» секілді атпен танылды [2, 102 б.].

Оқу ағарту орындары мешіттердің қасында орналасатын, себебі ар-

найы оқу-ағарту орындары жоқ болатын. Мұнда бастапқыда діни ілімдер оқытылып, кейін барлық ғылымдар меңгерілді. Құлшылықпен айналысып, халықты дінге шақыратын адамдар тәрбиелеу мақсатында бірнеше мекемелер ашыла бастады. Бұлар-медреселер мен жоғары оқу орындарының алғашқы формасы болып табылды. Аббасилердің заманында оқу-ағарту орындарына «медресе» сөзі қолданылмаған. Медресе сөзі ең алғаш рет III/X ғасырда пайда бола бастады. Хижраның V жылынан бастап, Құран жаттау мешіттен медреселерге ауыса бастады. Қазіргі уақытта әлемге әйгілі Әл-Әзхар университеті мешіт негізінде қалыптасып, университет деңгейіне көтерілгенін білеміз. Медреселерде шәкірттер тек Құран жаттаумен шектелмей, қирағат ілімдерін де игере бастады. Сонымен қатар ислами пәндер де оқытылып отырды. Мұнда Құран жаттаудың өзіндік тәсілі болды. Аяттар бір-бірлеп жаттатылады және толық меңгермейінше жаңа аятқа өткізілмейтін.

Алғашында «куттаб» атауы беріліп, кейінгі кезеңдерінде сыбян мектебі, махалла мектебі немесе бастауыш мектептері ретінде танылған балалар мектептерінің оқу бағдарламаларында діни дәрістермен қатар Құран үйрету сабақтары жүргізілетін. Негізгі Дарул-Құран, Дарул-хуффаз және Дарул-Құрра атауымен ашылған ілім ошақтарында Құран жаттату дәрістерінің берілгені белгілі. Аббасилік халифаттың шығысында да, батысында да осы типтегі ислами білім беру дамыды. XV-XVI ғасырларда әр түрлі қалаларда 15 «дарул құрра» медресесі болған. Хорасан мен Мәуреннаһр аймақтарындағы Нишапур, Басра, Исфаһан, Герат, Мерв, Бұқара, Самарқанд, сондай-ақ Түркістан мен Жетісу аймақтарындағы қалаларда жалғасын тапты. XII ғасырда Каирде 75, Дамаскта 51, Алеппода 44 медресе болған, ал мұсылмандық Испанияда жүздеген медреселер жұмыс істеді, ең танымалдары Кордова, Толедо, Севильяда еді. Бір Кордованың өзінде 80-ге жуық оқу орны болды [3, 136 б.].

XIX ғасырдан бастап еуропалық державалардың мұсылмандық Шығысты жаулап алуының нәтижесінде, сондай Осман империясында да вестернизация мен модернизацияның әсерімен оқу орындарының бағдарламаларынан дін алынып, орнын зайырлы ғылымдар басты. Ислам медреселері толығымен жойылып кетпегенімен, мемлекеттің қамқорлығынан айырылып, жалпы мұсылман әлемінде өз тұғырларынан тайды. Мұсылман елдерінің басымы көпшілігінде білім берудің жаңа еуропалық жүйесі орнықты, дегенмен дәстүрлі жүйе де ішінара сақталады. Дар-Улум, әл-Әзхар, әл-Қарауин сынды классикалық ислам жоғары оқу орындарында ислами және зайырлы ғылымдар қатар оқытылатын дәстүрлі бағдарлама бұрынғысынан үстем болды.

XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басы жалпы әлемдегі, сондай-ақ мұсылмандық Шығыс әлеміндегі, оның ішінде қазақ даласындағы да ірі де, күрделі өзгерістер кезеңі болып саналады. Оңтүстік Қазақстандағы қадымдық мектеп-медреселер уақыт өте келе тоқырауға ұшырағанымен, XIX орта тұсынан бастап Қырым мен Еділ бойынан басталған жаңа тәсілдегі жәдидтік мектептер (Бақшасарай, Қазан, Уфа қалаларындағы медреселер) исламның жаңа қарқынмен дамуына себеп болды. Алайда 1870 ж. 16 наурыздағы Ережеге сәйкес мұсылман оқу орындарына қатаң бақылау орнатылып, Н.И. Ильминскийдің жүйесі енгізілді. «Бұл ереже бойынша мұсылмандық оқу орындарында орыс тілін оқыту міндетті болды және мектеп пен медреселерді ашуға орыс тілді мұғалімдер болған жағдайда ғана рұқсат берілді. Ашылған оқу орындарында балаларын оқытқысы келгендер оқу бөлімінен арнайы рұқсат куәліктерін алуға тиісті болды» [4, 101 б.].

Жәдидшілдік қозғалысы мектептер мен медреселерде «усул и жадид», оқытудың дыбыстық жаңа әдісін қолданудан басталды. Бұл әдіс ең алғаш рет Уфа губерниясындағы «Ғұсмания» және Орынбор губерниясындағы

«Хұсайыния», Қазандағы «Мухаммадия» медреселерінде қолданылды. 1890 жылдан бастап «Расулия», «Ғалия» медреселерде кәсіби мұғалімдер дайындалып, Башқұрстанда бұл әдіс толығымен бекітілді. Білікті мамандар сондай-ақ Стамбул мен Каирдің реформаланған медреселерінен, Бақшасарай мен Қасымов қалаларындағы педагогикалық курстарды бітіріп келді. Сауат ашу бір жылға дейін қысқарып, оқытудың еуропалық сыныптық-сабақтық стандарттары енгізілді. Орынбор өлкесінде әйелдер мектебі ашылды.

1913 жылы бүкіл Түркістан өлкесінде жәдидшілдік бағыттағы 92 мектеп-медреселер қызмет етті. Қазақстанда атап айтқанда, Верныйда Ғабдулұәлиевтер, Ақсуда «Мамания», Қапалда «Якобия», Зайсанда «Қазақия» және «Ғизатия», Қарғалыда «Әмирия» және тағы басқа медреселер ашылды. Бұл оқу орындарының шәкірттері жылдан-жылға көбейіп отырған. Қарғалыдағы «Әмирия» медресесінде 1912 жылы 150-ден артық бала дәріс алды. «Мамания» медресесі 1899 жылы Ақсуда бой көтерді. Бұл медресенің ашылуына сол өңірдің зиялысы Маман Қалқабайұлы мен оның балалары мұрындық болды. Бастапқы кезде медреседегі оқу араб жазуы негізінде діни бағытта ғана оқытылды. Ал 1904 жылдан бастап Сейітбаттал мен Есенғұл Тұрысбековтер медресені жаңа әдісті оқу орны ретінде қайта құрып, қажетті мектеп жабдықтарымен қамтамасыз етіп отырған. «Мамания» медресесі заңды түрде 1912 жылы ғана тіркелген [5, 34-37 бб.].

Қазіргі таңда ҚМДБ-ның ислами діни білім беру жүйесі мешіттер жанынан ашылған діни сауат ашу, Құран сүрелерін жаттау курстары мен діни оқу орындарына талапкерлер әзірлейтін дайындық курстары; қайырымдылық мекемелері жанынан құрылған оқу интернаттары; Құран сүрелерін кәсіби тұрғыда жатқа оқуды үйрететін қарилар дайындау орталықтары; Имамдар дайындайтын медреселер; жоғары оқу орны және жоғары оқу орнынан кейінгі діни білім

беретін оқу орындары арқылы жүзеге асырылуда.

Құран жаттатудың аймақтық қырағат ерекшеліктері және танымал қарилар

«Қырағат» сөзі араб тілінде «қа-ра-ә» етістігінен туындаған есім сөз. Бұл сөз пайғамбар (с.а.с.) заманынан кейін, өз алдына қалыптасқан бір ілімге қолданыла бастады. Ислам ілімдері арасында алғаш жарық көрген «Қырағат ілімі» Құран Кәрімнің түсуімен бірге басталған. Өйткені, Алла елшісі (с.а.с.) нәзіл болған аяттарды түскен күйінде оқып беріп, сахабаларына үйреткен. Сахабалар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) оқығандарын мұқият сақтап, келер ұрпаққа жеткізді. Бұл мұқияттылықтың Құран Кәрімнен бастау алатындығы белгілі. Өйткені аяттарда келген «Құран Кәрімді мұқият оқу» және «тәртіл(анық)» мағынасындағы сөздер осының айғағы. Осы аяттардан қырағат ілімінің ғылым саласы ретінде Құранға негізделетінін түсінеміз.

Пайғамбар (с.а.с.) дәуіріндегі қырағат іліміне қатысты маңызды тақырыптардың бірі – Құран сөздерінің сол кезеңдегі қажеттіліктер мен жағдайларға байланысты құрайыш диалектісінен басқа диалектілерде оқылуына мүмкіндік берген жеті қаріп мәселесі. Бұл пайғамбардың көзі тірісінде жүзеге асқан Құран оқуды жеңілдету мен жағдайға байланысты берілген рұқсат, кейін қырағат айырмашылықтарының туындауына себеп болды. Яғни, жеті қаріп Құранның басқа да халықтар тарапынан үйреніліп, оқылуына жеңілдік беру үшін жолға қойылған болатын. Осы жеңілдіктерді пайдаланған сахабалардың Құран оқу мәнері кейінгі ғасырлардағы қырағат ілімінің қалыптасуына негіз болды. Пайғамбарымыздан (с.а.с.) жеткен деректерге жүгінер болсақ, жекелеген сахабалардың Құран Кәрімді нақышына келтіріп оқумен ерекшеленгендерін де көреміз. Сондықтан имам әз-Зәһәби «Табақату әл-қурра» атты кітабында: «Құран қырағатымен танымал болған

сахабалар саны жетеу, олар: Осман, Али, Убәй, Зәйд ибн Сәбит, Әбу әд-Дардә, Ибн Масғуд, Әбу Мұса әл-Ашғари», – деген. Әбу һурайра, Ибн Аббас, Абдуллаһ ибн әс-Сәйб секілді сахабалар Убәйға Құран оқып берген (тапсырған). Өйткені Убәй ибн Кағыб сахабалардың арасындағы ең жақсы қари болған [6, 167 б.].

Ал, кейін Құран қырағатын Алла елшісінің (с.а.с.) өз аузынан естіп, жаттаған, тіпті, кейбірі мына саңлақ сахабалардан жазып алған:

Мәдинада: Сүлеймен ибн Ясар мен бауыры Ата ибн Ясар, Ибн әл-Мусайяб, Ұруа, Салим, Зәйд ибн Әсләм, Омар ибн Абдулазиз, Қари Муаз деп танылған Муаз ибн әл-Харис, Абдуррахман ибн һурмуз, Ибн Шиһаб әз-Зуһри;

Меккеде: Ата ибн Әбу Рабах, Тауыс, Абид ибн Ұмайр, Икрима, Мужаһид, Ибн Әбу Муләйка; Куфада: әр-Рәбиғ ибн Хайсам, әл-Әсуад, Алқама, Ұбайда, Масруқ, Әбу Абдуррахман әс-Сәлми, Омар ибн Шурахабил, Амр ибн Мәймун, әл-Харис ибн Қайыс, Зирру ибн Хабиш, ән-Нахғи, Абид ибн Нудайла, Сағид ибн Жубәйр, Әбу Зурға ибн Амру, әш-Шағби; Басрада: Ибн Сирин, Насыр ибн Асым, Әбу Алия, Әбу Ражә, Жәбир ибн Зәйд, Яхия ибн Яғмар, әл-Хасан, Қатәдә; Шамда: Хулайд ибн Сағид әл-Муғира ибн Шиһаб әл-Махзуми, секілді алғашқы кездегі танымал табиғин ғалымдары үйренген болатын.

Табиғиндер дәуірінде, нақтырақ айтсақ, хижраның екінші ғасырының басында, сол кезеңдегі қажеттіліктерге сай ғалымдар қырағатқа ерекше көңіл бөліп, шариғат ілімдерінің бірі ретінде қалыптастырды. Әсіресе,

Мәдинада: Әбу Жағфар Язид ибн әлҚағқағ, Шәйба ибн Нисах және Нафиф ибн Абдуррахман;

Меккеде: Абдуллаһ ибн Касир, Хамид ибн Қайыс әл-Ағраж, Мұхаммед ибн Мухайсин; Куфада Асым ибн Әбу ән-Нәжуд, Сүлеймен әл-Ағмаш, Хамза, әл-Кисаи;

Басрада: Абдуллаһ ибн Әбу Исхақ, Иса ибн Амр, Әбу Амр ибн әл-Алә, Асым әл-Жахдари, Яғкуб әл-Хадрами;

Шамда: Абдуллаһ ибн Амир, Атия ибн Қайыс әл-Киләби, Исмайыл ибн Абдуллаһ ибн әл-Муһажир, Яхия ибн әл-Харис әз-Зимәри, Шурайх ибн Язид әл-Хадрами секілді ғалымдар, кейінкелген буын өкілдеріне көрнекті имам әрі жолбасшы ретінде танылды [6, 173 б.]. Олардың ішінде: Әбу Амр, Нафиғ, Асым, Хамза, әл-Касаи, Ибн Амир, Ибн Касир сынды қазіргі таңда кең тараған қырағаттар тиесілі болған танымал жеті қырағат имамдарын ерекше атап өтуіміз керек [6, 179 б.].

Қырағат имамдары және олардың «рижәл әл-қираәт» жөнінде, яғни, Пайғамбарымыздан олардың (с.а.с.) қырағаттарды жеткізушілер және бұл қырағаттарды олардан «нақл (меңгерген)» еткен танымал екі «әр-рауи» (жеткізушілері) қарастырылады. «Имам» деп қырағат саласында беделді әрі сенімді адамдарға айтылады. Дегенмен, бұл бөлімде «Имам» деп: «жеті немесе он қырағатты» жеткізуші кісілерді атасақ, ал бұл кісілердің «нақл» еткен оқу түрлерін «әл-қираәти» деп атаймыз. «Қырағат имамдарының» «әр-рауи»-лері көп болса да, әр қырағаттан екі «әр-рауи» танымал болған. Бір имамның рауилерінің өз арасындағы қырағат ерекшелігін - «әр-риуәиәт» деп атайды. Бұл «оқу ерекшелігін» жеткізуші «әр-рауи» деп аталады.«әр-Рауи» - Бір «қырағат имамынан» сол қырағатты дүпдұрыс «нақлун» еткен және осы «нақлун» еткен қырағаттың шебері болған сенімді кісі мағынасына келеді [7, 316-317 бб.].

1) (Нәфиғ) Әбу Рууаймин Нәфиғ ибн Абдур Рахман ибн Әбу Нуъайм әл-Ләйсию Мадинәнің қырағат имамы. Жобамен һижри 70 (миләди 690) жылдарында Мәдинада дүниеге келген. һижри 169 (миләди 785) жылы Мәдинада дүниеден өткен. Ата тегі Исфәһаннан. Өзінің айтуы бойынша 70 шақты табиғиннен дәріс алған. Нафиғтың қырағат білімін барлығы мойындаған. Имам Мәлик пен Имам Ахмад ибн Ханбал жақсы баға беріп, құптаған. 70 жылдан астам Құранның ұстаздық еткен. Араб тілі мен хадис ілімін жетік меңгерген Нәфиғ қырағаты өте

жақсы, нұрлы жүзді, дұрыс сөзді, тақуа әрі жомарт кісі болған. 60 жыл бойы Мәдинә мешітінде намаз оқыған. Ол қырағатты: Имам Әбу Жағфар, Абдурахман ибн хурмуз әл-Ағраж, Шәйбә ибн Нисаһ, Муслим ибн Жундаб, Руман деген кісілерден үйренген. Ал бұл кісілер: Әбу һурайра, Абдуллаһ ибн Аббас және Абдуллаһ ибн Айиаштан үйренген. Ал бұл кісілер болса: Зәйд ибн Сәбит, Убейн ибн Кағб және Омар ибн әл-Хаттабтан үйренген. Бұл кісілер Пайғамбарымыздан (с.а.с.) үйренген. Рауилері: (Қалун) Әбу Муса Иса ибн Минә ибн Уәрдән әл-Мәдәни ән-Нәхуи. һижри 120 (миләди 737) жылында Мәдинәда дүниеге келген. һижри 220 (миләди 835) жылында Мәдинада дүниеден өткен. Қырағаты өте жақсы болғандықтан ұстазы Нәфиғ оған «жақсы», «көркем» деген мағына беретін (Қалун) есімін берген. Және ол осы есімімен танымал болған. Көп жылдар бойы ұстазының мәжілісіне қатысып, үйренгендерін кітабына жазып алады. Нәфиғ өмірден өткеннен кейін Мәдинаның «қырағат ұстазы» ретінде ұстазының орнын басты. Наху ілімін де жетік меңгерген Қалун құлағы жақсы естімегендіктен, шәкірттерінің қателерін еріндерінің қозғалысын бақылай отырып, әрі құлағын шәкірттерінің ауызына жақындата отырып біліп, түзеткендігі айтылады. (Уәрш) Әбу Сәғид Усман ибн Сағид ибн Абдуллаһ әл-Мысрию. һижри 110 (миләди 728) жылында Мысырда дүниеге келген. һижри 197 (миләди 812) жылында Мысырда дүниеден өткен. Мысырдың қырағат ұстазы. (Уарш) лақап атымен танымал. Ұстазы Нафиғ бұл лақап атты оған жүзі ақшыл болғасын қойған. Нафиғтан қырағат оқып, кейінірек өз елі Мысырға қайтады. Қырағат және Араб тілі саласын жетік меңгергені соншалық онымен қырағат бойынша ешкім пікір талас жасамайтын болған [8, 31 б.].

2) (Ибн Кәсир) Әбу Муғбәд Абдуллаһ ибн Кәсир ибн Амр уә әд-Дәрию Мекке қырағат имамы, һижри 45 (миләди 665) жылында Меккеде дүниеге келген, һижри 120 (миләди 738) жылында Меккеде дүниеден өткен. Өзі Табиғиндерден.

Сахабалардан Абдуллаһ ибн Зубейр, Әбу Әйюб әл-Әнсари және Әнәс ибн Маликпен жүздескен. Қырағаты мен сөздері жақсы әрі дұрыс болған. Шәкірттеріне дәріс беретін уақытта алдымен оларға уағыз айтып, шәкірттерін Құран оқуға рухани дайындайтын болған. Араб тілінің шебері болған Ибн Касир азғантай хадис те риуаят еткен. Ибн Кәсир қырағатты төмендегі кісілерден: Абдуллаһ ибн Әс-Сәйбтен, ол да Убей ибн Кағбтан және Омар ибн Хаттабтан, олар да Пайғамбарымыздан (с.а.с.). Мужәһид ибн Жәбирден, ол да Абдуллаһ ибн Аббас және Абдуллаһ ибн Әс-Сәйбтен; Абдуллаһ ибн Аббас та Убей ибн Кағб, Зәйд ибн Сәбит және Омар ибн Хаттабтан, олар да Пайғамбарымыздан (с.а.с.). Дирбастан ол да Абдуллаһ ибн Аббастан; ол да Убей ибн Кағб, Зәйд ибн Сәбит және Омар ибн Хаттабтан, олар да Пайғамбарымыздан (с.а.с.). Рауилері: (әл-Баззи) Әбу әл-Хасан Ахмад ибн Мухаммад ибн Абдуллаһ әл-Бәззи, һижри 170 (миләди 786) жылында Меккеде дүниеге келген. һижри 250 (миләди 840) жылында Меккеде дүниеден өткен. Мәсжид Харамда 40 жыл азаншылық қызмет атқарған. «Духа» сүресінің құрметіне тәкбир айту жәніндегі хадисті риуаят еткен. Ибн Кәсирдің қырағатын Иkrima Шибл ибн Аббадтан үйренді. Ибн Кәсирдің қырағатын жасы жетпегендіктен, тікелей өзінен үйрене алмаса да, қырағат іліміндегі беделі, «Ибн Кәсир» қырағатындағы мәртебесі мен риуаятының сенімділігінен қырағат кітаптарында Ибн Кәсирдің екі рауиінің бірі ретінде орын алған. Әбу Омар Мухаммад ибн Абдурахман әл-Махзуми. һижри 195 (миләди 811) жылында Меккеде дүниеге келген. һижри 291 (миләди 904) жылында Меккеде дүниеден өткен. Ата тегіне байланысты қойылған (Кунбул) деген лақап атымен танылған. һижаз өлкесінің қырағат ұстазы. Одан қырағат үйрену үшін адамдар жан-жақтан келетін. Адамгершілігімен және туралығымен танылған. Ибн Кәсир қырағатын Ибн Касирдің бірінші рауиі әл-Бәззиден үйренді. Ибн Кәсирдің қырағатын жасы жетпегендіктен, тікелей өзінен үйрене

алмаса да, осы қырағаттағы шеберлігі және сенімділігі себебінен қырағат кітаптарында Ибн Кәсирдің екі рауиінің бірі ретінде орын алған [9, 27-28 бб.].

3) (Әбу Амр) Әбу Амр Зәббән ибн Алаи ибн Аммар әл-Мәзинию әл-Басри. Басра қырағат имамы. һижри 70 (миләди 689) жылында Меккеде дүниеге келген. һижри 154 (миләди 771) жылында сапар кезінде Куфада дүниеден өткен. Өмірінің көп бөлігін Басрада өткізген. Мекке, Мәдинә, Куфа және Басрада көптеген атақты кісілерден білім алып, көптеген кісілерге ұстаздық еткен. Тура сөзді, тақуа кісі болған. Әрі қырағат саласының, әрі араб тілі және әдебиетінің шебері. Бір бөлме толы кітабы болғаны айтылады. Әбу Амр қырағатты Мужәһид ибн Жәбир, Иkrima, Ата ибн Әбу Рабаһ, Сәйид ибн Жубейр, Ибн Кәсир, Ибн Муһайсин әл-Ағраж, Әбу Жағфәр, Шәйбә ибн Нисаһ, Хасан Басри, Иәхиә ибн Иәғмәр, Наср ибн Асым, Абдуллаһ ибн Әбу Исхақтан үйренген. Бұл кісілер Убейи ибн Кәғб, Зәйд ибн Сәбит, Абдуллаһ ибн Аббас, Әбу Муса әл-Ашғари, Осман ибн Аффан, Әли ибн Әбу Талибтен; бұл сахабалар да Пайғамбарымыздан (с.а.с.) үйренген. Рауилері: (әд-Дури) Әбу Омар Хафс ибн Омар ибн Абдул Азиз әл-Әзди әд-Дури. һижри 150 (миләди жылында Бағдадтың Дур деген бір ауылында дүниеге келген. Жобамен һижри 248 (миләди 862) жылында дүниеден өткен. Қырағат үйрену үшін сапарларға шығып, Куфа, Басра және Бағдадта көптеген ғалымдардан дәріс алған. Әбу Амрдің, әрі Кисәйдін рауилерінің бірі болып табылады. Кисәйдің қырағатын тікелей өзінен үйренсе, ал Әбу Амрдің қырағатын Иәхиә әл-Иәзидиден (237/851) үйреніп, риуаят еткен. Әбу Амрдан жасы жетпегендіктен оқи алмаса да, бұл қырағаттағы беделі мен сенімділігінің себебінен қырағат кітаптарында Әбу Амрдың атақты екі рауиінің бірі ретінде таңдалған. Ибн Мәжәнің «Сунән» атты еңбегінде оның риуаят еткен хадистері жазылған. (әс-Суси) Әбу Шуғайб Салих ибн Зийәд ибн Абдуллаһ әс-Сусию. һижри 173 (миләди 789) жылында дүниеге келген. һижри 261 (миләди 874) жылында дүниеден

өткен. Иәһиа әл-Иәзидидің бетке ұстар шәкірттерінен. Әбу Амрдің қырағатын Иәһиа әл-Иәзидиден алған. Суси да Әбу Амрдің бірінші рауи Дури сияқты Әбу Амрдан жасы жетпегендіктен оқи алмаса да бұл қырағаттағы беделі мен сенімділігінің себебінен қырағат кітаптарында Әбу Амрдің атақты екі рауиінің бірі ретінде тандалған [3, 136 б.].

4) (Ибн Амир) Әбу Имран Абдуллаһ ибн Амир ибн Иәзид әл-Иәхсуби. Шам қырағат имамы. Бір деректер бойынша һижри 8 (миләди 630) жылында, ал басқа деректер бойынша һижри 21 (миләди 641) жылында дүниеге келген. һижри 118 (миләди 736) жылында Дамаскіде дүниеден өткен. Табиғиндерден. Сахабалардан Муаз ибн Жәбәл, Әбу Дарда, Фадалә ибн Убейдтен Құран үйренген. Басқа сахабалардан хадис риуаят еткен. Дамаск қазылық қызметін атқарған ибн Амир «Дамаск Әмәуи мешітінің» салынуына басшылық жасаған. Өзі ғалым, сенімді де тура адам болған. Қырағатты Муғира ибн Әбу Шуғайбтан, ол Осман ибн Афнаннан және Әбу Дардадан, бұл екі сахаба да Пайғамбарымыздан (с.а.с.) үйренген. Рауилері: (һишәм) Әбу әл-Уәлид һишәм ибн Аммар ибн Нусайр әд-Димәшқи. һижри 153 (миләди 770) жылында Дамаскіде дүниеге келген. һижри 245 (миләди 859) жылында Дамаскіде дүниеден өткен. Қырағат және хадис ғалымы. Ұзақ жылдар бойы «Дамаск Әмәуи мешітінде» имамдық қызмет қылған. Риуаят еткен қырағаты тізбек бойынша Ибн Амирға жалғасады. Бұл қырағатты Ибн Амирдің танымал шәкірті Иәһиа ибн Харис әз-Зимаридің білім берген шәкірттері Ирак ибн Халид пен Әйюб ибн Тәммимнен үйренген. Осы саладағы шеберлігі мен сенімділігі себебінен қырағат кітаптарында Ибн Амирдің екі рауиінің бірі ретінде орын алған. Бухари, Әбу Дәуід, Нәсәйи және Ибн Мәжәнін кітаптарында оның риуаят еткен хадистері бар. (Ибн Зәкуән) Әбу Амр Абдуллаһ ибн Ахмад Ибн Бәшир ибн Зәкуән әд-Димашқи. һижри 173 (миләди 789) жылында Дамаскіде дүниеге келген. һижри 242 (миләди 857) жылында Дамаскіде дүниеден

өткен. Қырағат және хадис ғалымы. «Дамаск Әмәуи мешітінде» имамдық қызмет қылған. Зәһәбидің (һижри 173-ші /миләди 789) көзқарасы бойынша Ибн Зәкуән қырағатта, ал һишам болса, ілімде алда болатын делінеді. Риуаят еткен қырағаты тізбек бойынша Ибн Амир жалғасады. Бұл қырағатты Ибн Амирдің танымал шәкірті Иәһиа ибн Харис әз-Зимаридің білім берген шәкірттері Әйюб ибн Тәммимнен үйренген. Осы саладағы шеберлігі мен сенімділігі себебінен қырағат кітаптарында Ибн Амирдің екі рауиінің бірі ретінде орын алған. Әбу Дәуід және Ибн Мәжәнің сунан атты кітаптарында оның риуаят еткен хадистері бар [10, 125 б.].

5) (Асым) Әбу Бәкір Асим ибн Әби ән-Нәджуд Баһдәләһ әл-Әсди әл-Куфи. Куфа қырағат имамы. Куфада дүниеге келген. һижри 127 (миләди 745) жылында Куфада дүниеден өткен. Табиғиндерден. Сахабалардан Хасан әл-Бәкри мен Рифға ибн Иәсриббен жолыққанда кішкене жасында болған. Бұл сахабалардың көзін көргендіктен де табиғиндерден болып саналған. Дауысы жақсы болған және Құранды жақсы оқыған. Көркем сөздің иесі болған. Салих және сенімді кісілерден. Әбу Абд әр-Рахмән әс-Сулемиден Хз. Әлидің қырағатын үйреніп, бұл қырағатты рауиі Хафсқа үйреткен. Зирр ибн Хубайштан Ибн Мәсғұдтың қырағатын үйреніп, бұл қырағатты рауиі Шуғбаға үйреткен. Уақыт өте келе Асым қырағаты көптеген елдерге таралып, мұсылмандардың кепшілігінің оқитын қырағатына айналған. Имам Ағзам Әбу Ханифаның да бұл қырағатты имам Асымнан үйренгендігі айтылады. Міне, осы себепті және де бұл қырағатта «Имәлә», «Тәшил», «Ишмәм» сияқты қағидалардың аз болуы, бұл қырағатты жеткізуші кісілердің сенімділігі себептерінен мұсылмандардың көпшілігі қабыл еткен. Айта кететін тағы бір жәйт Имам Асымның риуаят еткен хадистері «Кутубу Ситта» да орын алған. Имам Асым қырағатты темендегі кісілерден үйренген: Әбу Абд әр-Рахмән әс-Сулемиден; ол Абдуллаһ ибн Мәсғұд,

Осман ибн Аффан, Әли ибн Әбу Талиб, Убей ибн Кағб және Зәйд ибн Сәбиттен; бұл сахабалар да Пайғамбарымыздан (с.а.с.). Зирр ибн Хубәйштен: ол Абдуллаһ ибн Мәсғуд, Осман ибн Аффан, Әли ибн Әбу Талибтен; бұл сахабалар да Пайғамбарымыздан (с.а.с.). Әбу Амр әш-Шәйбәниден ол Абдуллаһ ибн Мәсғудтан; ол да Пайғамбарымыздан (с.а.с.) үйренген. Рауилері:(Әбу Бәкр Шуғбә) Әбу Бәкр Шуғба ибн Аййәшин ибн Сәлим әл-Әсдию әл-Куфи. һижри 95 (миләди 713) жылы дүниеге келген. һижри 193 (миләди 809) жылы Куфада дүниеден өткен. Қырағат ілімін Имам Асымнан үйренген. Жоғарыда айтылып өткендей, Имам Асым оған Зирр ибн Хубәйштан алған Абдуллаһ ибн Мәсғудтын қырағатын үйреткен. Ғибадаты мол, сүннетке мығым, риядан сақ жүретін, тура сөзді болған Әбу Бәкір Шуғба 40 жыл бойы әр күні бір хатым түсіріп тұрғандығы айтылады. Кейбір деректерде жобамен бас аяғы 18 мыңға жуық хатым түсіргендігі жазылған. Ол сонымен қатар хадис ғалымы болып табылады. Муслимнен басқа «Кутубу Ситтәнің» барлық кітаптарында оның риуаят еткен хадистері орын алған. (Хафс) Әбу Омар Хафс ибн Суләйман ибн әл-Муғира әл-Асдию. һижри 180 (миләди 796) һижри 90 (миләди 709) жылында Куфада дүниеге келген. Куфада дүниеден өткен. Жастық шағында өгей әкесі Имам Асымның үйінде болып қырағат ілімін сол кісіден үйренеді. Имам Асым Хафсқа Абдураһман әс-Сулемиден үйренген Хз. Әлидің қырағатын үйретеді. Біраз жыл бойы Бағдад пен Меккеде тұрып, сол жерде Асым қырағатын оқытады. Қырағат саласындағы беделі мен сенімділігін барлығы құптаған. Сол себептерден болар оның жеткізген қырағаты мұсылмандардың көпшілігінің тарапынан мақұлданып, оқылған және әлі де оқытылуда [10, 131 б.].

б) (һәмзә) Әбу Умара Замза ибн Хабиб ибн Умара әз-Заййәду әл-Куфи. Куфа қырағат имамы. һижри 80 (миләди 699) жылында дүниеге келген. һижри 156 (миләди 773) жылында Хулуәнда дүниеден өткен. Туылған жылы жағынан

есептегенде Әнәс ибн Мәлик және Абдулла ибн Әбу Әуфә сияқты сахабаларды көрген болуы керек деп айтылады. Өзі қырағат саласының білгірі, араб тілін жетік меңгерген, сонымен қатар фикһ және хадис ғалымы болған. Имам Әбу Ханифә һәмзәға: «Құран және алынуы міндетті діни ілімдер женінде бізді басып оздың» деп айтқан. Діндар, тақуа кісі болған һәмзә шәкірттерінен оқу ақысын және сыйлық қабыл алмағаны сияқты, Құран дәрісін өткізген үйден су ішудің өзін жөн көрмейтін. Бухариден басқа «Кутубу Ситтәнің» барлық кітаптарында оның риуаят еткен хадистері орын алған. Қырағатын: әл-Ағмәш және Иәхиә ибн Уәссаб тізбегі арқылы Алқама, Әсуәд ибн Иәзид, Убейд ибн Нудайл, Зирр ибн Хубәйш және Әбу Абдураһман Әс-Сулемиден; одан белек ибн Әбу Ләйлә, һумран ибн Ағиән, Әбу Исхақ әс-Субәйғ, Мәнсур ибн әл-Муғтәмир, Муғира ибн Миксәм және Жәғфәр әс-Садықтан; бұл кісілер де тізбек бойынша Хз. Әли ибн Әбу Талиб және Абдуллаһ ибн Мәсғудтан, бұл сахабалар да Пайғамбарымыздан (с.а.с.) үйренген. Рауилері: (Халаф) Әбу Мухаммад Халәфә ибн һашим ибн Сағлаб әл-Әсди. һижри 150 (миләди 767) жылында дүниеге келген. һижри 229 (миләди 844) жылында Бағдадта дүниеден өткен. Өзі әрі һәмзәнің рауиі, әрі қырағат имамдарының оныншысы болып, қабыл етілген. Исхақ әл-Мусәйнәбиден (206/821) Нәфиғтың қырағатын, Ағшә (200/815) мен Иәхнә ибн Әдәмнан Асым қырағатын, Сулайм ибн Исадан (188/804) һәмзәнің қырағатын үйренген. һәмзә қырағатын риуаят еткен. Осы саладағы шеберлігі мен сенімділігі себебінен қырағат кітаптарында һәмзәнің екі рауиінің бірі ретінде таңдалған. Ғалым, тақуа адам болған. Сонымен қатар хадисті жетік меңгерген. Бұл кісі жөнінде қырағат имамы ретінде оныншы кезекте толығырақ тоқталып өтеміз. (Халлад) Әбу Иса Халлад Ибн Халид әш-Шәйбанию. һижри 220 (миләди 835) жылында Куфада дүниеден өткен. Құранды өте көркем оқитын болған. Куфа қырағат ұстаздарының арасында салмағы басым

болған. Һәмзәнің қырағатын Суләйм ибн Иса мен Хусәйн ибн Әли әл-Жуғфу, Мухаммәд ибн Хасан әр-Раууәсиден үйренген. Имам Һәмзәнің көзін көрмесе де қырағат кітаптарында оның рауиінің бірі ретінде қабыл етілген [10, 146 б.].

7) (Кисәй) Әбу әл-Хасан Али ибн Хамза ибн Абдуллаһ әл-Кисәй. Куфа қырағат имамы. һижри 120 (миләди 738) жылдарында Бағдадта немесе Куфада дүниеге келген. һижри 189 (миләди 805) жылында 70 жасында Райде дүниеден өткен. Басраға барып, Халил ибн Ахмедтен дәріс алып, кейінірек Бағдадқа орналасады. Харун Рашидтің одан кейін оның ұлдарының тәрбиесіне қарап, адамдарға Құран үйреткен. Қырағатын Имам Һәмзә, Мұхаммед ибн Әбу Ләйлә, Әбу һәйуә Шурәйһ ибн Иәзид, Әбу Бәкр Айнәш және Иса ибн Омар әл-Хәмәдәни сияқты кісілерден алады. Өзі де қырағат саласында көптеген шәкірт жетілдіреді. Жетілдірген шәкірттерінің ішінде төменде айтылатын екі шәкіртінен басқа Иәхиә ибн Зийәд әл-Фәрра, Әбу Убәйд Қасым ибн Сәләм сияқты кісілер бар. Қырағат саласынан белек араб тілі және әдебиетінде шебер болған. Көркем ахлақ иесі, жомарт адам болған. Қырағатын: Имам Һәмзәдән алғандықтан риуаят еткен тізбек сол кісінің тізбегімен бірдей. Және одан бөлек Мухаммад ибн Әбу

Ләйлә және Әбу һәйуә Шурәйһ ибн Иәзид тізбегі арқылы қырағат алған. Осылайша бұл тізбекте Абдуллаһ ибн Мәсғуд, Осман ибн Аффан және Әли ибн Әбу Талиб, Убей ибн Кәғб және Муәз ибн Жәбәл арқылы Пайғамбарымызға (с.а.с.) жетеді. Рауилері:(Әбул-Харис) Әбу әл-Харис әл-Ләйсә ибн Халид әл-Бағдади. һижри 240-ші (миләди 854) жылы дүниеден өткен. Қырағат ілімін Кисәйдән алған. Оның ең алғыр шәкірттерінің бірі болған. Қырағат ілімінде ең үлкен ұстаздардан болып табылады. Бұл салада көптеген шәкірттер жетілдірген. Хадис ілімімен де шұғылданған. (әд-Дури) Әбу Омар Хафс ибн Абдулазиз әл-Әздию әд-Дури. һижри 150 (миләди 767) жылдарынан кейін Бағдадтың Дур деген ауылында дүниеге келген. Жобамен һижри 248 (миләди 862) жылында дүниеден өткен. Қырағат ілімін алу үшін сапарларға шыққан. Куфа, Басра және Бағдадта көптеген ғалымдардан дәріс алған. Алдында айтылып өткендей әрі Кисәйдің әрі Әбу Амрдың рауилерінен болып табылады. Кисәйдің қырағатын өзінен тікелей алып риуаят еткен. Ибн Мәжәнің «сүнәнінде» оның риуаят еткен хадистері жазылған [10, 151 б.]. Аталған қырағат имамдарын келесі кестеден көре аласыздар:

Кесте 1

Танымал қарилар	Жеткізушілер
Абдаллаһ ибн Амир (118/736 ж.д.с.)	1. Һишам ибн Аммар (235/859 ж.д.с.) 2. Ибн Закуан әл-Қураши (232 /857 ж.д.с.)
Абдуллаһ ибн Кәсир (120/ 738 ж.д.с.)	1. Әбу әл-Хасан әл-Баззи (250/ 857 ж.д.с.) 2. Кунбул әл-Макки (291/904 ж.д.с.)
Асым ибн Әбу ән-Нәжуд (127/745 ж.д.с.)	1. Шуғба ибн әл-Айяш (193/809 ж.д.с.) 2. Хафс ибн Сүлеймен (180/ 796 ж.д.с.)
Әбу Амр ибн әл-Алә (154 /771 ж.д.с.)	1. Әбу Омар әд-Дури (246 /860 ж.д.с.) 2. Әбу Шуғайб әс-Суси (261/874 ж.д.с.)
Хамза әз-Зайят (156 /773 ж.д.с.)	1. Халаф ибн Һишам (229/904 ж.д.с.) 2. Халлад ибн Халид (220/835 ж.д.с.)
Нафиғ ибн Абдуррахман (169/785 ж.д.с.)	1. Қалун әл-Мәдәни (220/835 ж.д.с.) 2. Уарш әл-Мысри (197/812 ж.д.с.)
Али ибн Хамза әл-Кисаи (189/805 ж.д.с.)	1. Әбу Омар әд-Дури (246/860 ж.д.с.) 2. Әбу әл-Харис әл-Бағдади (240/854 ж.д.с.)

Қорытынды

Құран Кәрімнің өзіндік оқылу ерекшеліктерімен жатталуына қарай уақыт

өте қатаң шарттармен бекітілген белгілі қырағаттардұрыс болуы үшін келесі талаптар бекітілген: а) Халифа Османның жинақтап, көбейткен мұсхафтарының

біріне болса да сәйкес келу, ә) Араб тілінің заңдылықтарына сәйкес келу. Әсілінде, дұрыс жолдармен жеткен қырағаттар араб тілінің заңдылықтарына қайшы келмегендігі белгілі. Тілдің кейбір ережелеріне қайшы келген, бірақ сенімді жолдармен жеткен танымал қырағаттарды теріске шығару дұрыс емес. Өйткені, Құран Кәрімнің ұрпақтан ұрпаққа дұрыс жолмен жетуі, қырағат имамдарының риуаяттарына да негізделеді. Сонымен қатар, қырағат имамдары Құран қырағаттарында араб тілінің заңдылықтарына жүгінбей, керісінше, араб тілі мамандары тілдік қағидаларды реттеуде Құран Кәрімге сүйенгендігі белгілі, б) Дұрыс тізбекпен жету. Яғни, белгілі бір қырағаттың пайғамбарымыз заманынан бері сенімді жеткізушілер тарапынан қарама-қайшылықтар мен бүркеме олқылықтарсыз жетуі. Сонымен қатар, ғалымдар сол қырағаттың ортада кең таралуын да шарт деп тапқан.

Қазіргі таңда аталған қырағаттардың үшеуі ғана бүгінгі таңда мұсылмандар арасында практикада қолданыста болса, қалған қырағаттар арнайы мамандар мен Құранды бірнеше қырағаттарымен жаттаған жекелеген тұлғалардың тілінде оқылуда. Қазіргі қолданыстағы қырағаттар: а) Асымның қырағаты қазіргі таңдағы ислам әлемінің басым бөлігі, соның ішінде Орта Азия елдері Құран Кәрімді осы қырағатпен оқиды. Оның ішінде Асымнан жеткізген танымал екі рауидің бірі – Хафстың риуаяты кең танылған. Әрі жарық көріп жатқан Құран кітаптарының басым бөлігі де осы қырағат негізінде басылуда, ә) Нафигтың қырағаты Нафиг қырағатының Уарш риуаяты бүгінгі таңда, Мысырдан басқа солтүстік Африкадағы мұсылман елдерінде кеңінен қолданыс тапқан. Ал, мысырлықтар Уарш қырағатымен қатар, көбіне Хафс қырағатын негізге алады, б) Әбу Амир қырағаты қазіргі таңда ең аз оқылатын қырағат түрі. Құран қырағатының бұл түрі судандықтар тарапынан ғана қолданыс тауып отыр.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Абдулла әл-Мулһим. Хаққиқ хулмака фи хифзи әл-Құран әл-Кәрім. – әл-Кууид. - 2010. - 204 б.
- 2 Ибраһим бин Абу әл-Хусәйн аш-Шанқити. Тариқат хифзи әл-Құран әл-Кәрім. – Мәккәл-Мукаррама, 2006. - 132 б.
- 3 Ибн Атия әл-Әндалуси. әл-Мухаррар әл-уажиз. – Бейрут: «Дару әл-кутуби әл-илмия», 2001. - 6 том. – 368 б.
- 4 Сейтахметова Н.Л. Философия исламского образования: история и современность. – Алматы, 2009. – 143 с.
- 5 Смагулов М.Н., Сейтахметова Н.Л. Особности исламского образования на примере Центральной Азии// Сборник статей VI международной научно-практической конференции. – Москва, 2017. - 342 с.
- 6 Құрманбаев Қ. Құран ілімдеріне кіріспе. – Алматы, «Нұр -Мұбарак», 2014. - 392 б.
- 7 Әбу Зар әл-Қаламуни. Ауну ар-Рахман фи хифзи әл-Құран бизиадати фатх әл-манан фи хамли әл-Құран. – әл-Қаһира, Дар әлмактабаәт-турас әл-Ислами, 1992. - 546 б.
- 8 Ahmad fon Denfer. Ulum al-Quran. – UK, The Islamic Foundation, 1983. – P. 41-42;
- 9 Маннағ әл-Қаттан. Мабахису фи улум әл-Құран. – Каир, «Мақтабату Уаһба», 2000. - 384 б.
- 10 Әбу Жағфар Мұхаммед ибн Жарирәт-Табари, Тарихуәл-умәмуә-мулук. – Каир, «Дәрәл-мағарифбимиср». – 11 т. – 411 б.

Transliteration

- 1 Abdullah Al-Mulhim. Haqqiq hulmaka fi hifzi al-Qurani al-Karim. [Fulfill your dream of memorizing the Holy Quran]. – al-Kuuid. - 2010. - 204 b. (in Arab)
- 2 Ibrahim bin Abu al-Hussain ash-Shanqeeti. Tariqat hifzi al-Qurani al-Karim.[How to memorize the Quran]. – Makka al-Mukarrama, 2006. - 132 b. (in Arab)
- 3 Ibn Atiya al-Andalusi, al-Muharrar al-Wajiz. [Decision in brief]. - Beirut: «Daru әl-kutubi әl-ilmija», 2001. - 6 том. – 368 б. (in Arab)
- 4 Seitakhmetova N.L. Filosofija islamskogo obrazovanija: istorija i sovremennost' [Philosophy of Islamic Education: Past and Present]. – Almaty, 2009. – 143 s. (in Russ)
- 5 Smagulov M.N., Seitahmetova N.L. Osobnosti islamskogo obrazovanie na primere Central'noj Azii [Peculiarities of Islamic education on the example of Central Asia] // Sbornik statej VI mezhdunarodnoj nauchno-praktijaeskoj konferencii. – Moskva, 2017. - 342 s. (in Russ)
- 6 Kurmanbayev K. Kuran ilimderine kirispe [Introduction to the teachings of the Quran]. – Almaty, «Nur -Mubarak», 2014. - 392 b. (in Kaz)

7 Abu Dhar al-Qalamuni. Awnu al-Rahman fi hifzi al-Qurani biziadati fath al-manan fi hamli al-Qurani. [Help the merciful in memorizing the Holy Quran]. – al-Qahira, Dar al-maktabaat-turas al-Islami, 1992. - 546 b. (in Arab)

8 Ahmad fon Denfer. Ulum al-Quran [The Islamic Foundation] – UK, The Islamic Foundation, 1983. – P. 41-42. (in Arab)

9 Mannag al-Qattan, Mabahisu fi ulum al-Quran [Research in Quranic science]. – Kair, «Maktabatu Uahba», 2000. - 384 b. (in Arab)

10 Abu Jaafar Muhammad ibn Jarir al-Tabari, Tarikhu Al-umam ua-Muluk [History of nations and Kings]. – Kair, «Daral-magarifbimisr». – 11 t. – 411 b. (in Arab)

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Айнұр Дүрбелеңқызы Құрманалиева

дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі, профессор, философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Құдайберді Сабыржанұлы Бағашаров

жетекші ғылыми қызметкер, қауымдастырылған профессор, PhD, Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан

Тоқтияр Қожа

магистрант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, email: kozha.toktiyar@gmail.com, ORCID ID: 0000-0001-6606-7476

Айнұр Дүрбеленовна Курманалиева

заведующая кафедрой религиоведения и культурологии, профессор, доктор философских наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби

Қудайберды Сабыржанович Бағашаров

ведущий научный сотрудник, ассоциированный профессор, PhD, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан

Тоқтияр Кожа

магистрант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, email: kozha.toktiyar@gmail.com, ORCID ID: 0000-0001-6606-7476

Ainura Kurmanaliyeva

Head of the Department of Religious Studies and Cultural Studies, Professor, Doctor of Philosophical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Kudaiberdy Bagasharov

Leading Researcher, Associate Professor, PhD, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan

Toktiyar Khoja

Master's Student, Al-Farabi Kazakh National University, email: kozha.toktiyar@gmail.com, ORCID ID: 0000-0001-6606-7476

«SOFT POWER» OF EASTERN ORTHODOXY IN KAZAKHSTAN

¹A.A. Temirbayeva, ²Z.B. Malgarayeva, ³A.O. Oryntay, ⁴T.T. Temirbayev

ABSTRACT

Religious institutions play an active role in a variety of public activities, including state affairs, in modern times. Religious leaders in particular engage in global affairs, making them key players in intercultural communication and public diplomacy.
(1) Сейед Хоссейн Насрдың 1996 жылы жарық көрген «Дін және табиғат тәртібі (Religion and the Order of Nature)» [8] кітабы табиғат пен қоршаған ортаға қатысты діннің рөлін зерттеу болып табылады. Сейед Хоссейн Насрдың еңбегі дін мен табиғаттың қарым-қатынасы туралы іргелі зерттеуді ұсынады, діннің экологиялық контексттегі рөлін зерттейді, діни және экологиялық қоғамдар арасындағы ынтымақтастықтың жаңа жолдарын ұсынады. Бұл кітапта автор бірнеше негізгі тезистерді анықтайды:

- Табиғат туралы діни түсінік: Наср діндердің, әсіресе дәстүрлі діндердің табиғат туралы терең және құнды түсінігі бар екенін дәлелдейді. Ол діни ілімдер мен мәтіндерде табиғатқа ерекше көзқарас ұсынып, оның құдайлық бастауы мен қасиетті мәні бар екенін алға тартады.

- Экологиялық дағдарыс және дін: Автор экологиялық дағдарысты талдап, экологиялық шешімдерді әзірлеуде діни көзқарастарды қосуға шақырады. Ол діни ілімдер тұрақты тәжірибелер мен стратегияларды әзірлеу үшін негіз бола алады, сондай-ақ адамдарды табиғатқа қамқорлық жасауға шабыттандырады деп болжайды.

- Дін және табиғатпен үйлесімділік: Наср адам мен табиғат арасында үйлесімді қарым-қатынас орнатудың маңыздылығын атап көрсетеді. Ол діни ілімдер мен рухани тәжірибелердің адамдарға табиғатпен қайта қосылуға және оны қорғау жауапкершілігін алуға қалай көмектесетінін талқылайды.

- Дінаралық диалог және экология: Кітап сонымен қатар экология саласындағы әртүрлі діни дәстүрлер арасындағы қарқынды өзара әрекеттесу қажеттілігін көтереді. Наср қоршаған ортаны сақтауға бағытталған ортақ құндылықтар мен стратегияларды дамыту үшін дінаралық диалогтың мүмкіндіктері мен маңыздылығын қарастырады.

Сейед Хоссейн Насрдың осы бағыттағы басқа да бірқатар еңбектері бар – «Адам мен табиғаттың кездесуі: қазіргі адамның рухани дағдарысы (The Encounter of Man and Nature: The Spiritual Crisis of Modern Man)» [9], «Адам және табиғат: қазіргі заманғы адамдағы

рухани дағдарыс (Man and Nature: The Spiritual Crisis in Modern Man)» [10].

(2) Ричард Фольцтің 2002 жылы жарық көрген «Дүниетанымдар, дін және қоршаған орта: жаһандық антология (Worldviews, Religion, and the Environment: A Global Anthology)» [11] дүниетаным, дін және қоршаған орта арасындағы қарым-қатынасты зерттейтін эсселер мен мәтіндер жинағы. Кітаптың жалпы мақсаты – қоршаған ортаға қатысты діни және идеологиялық көзқарастардың әртүрлілігін көрсету және олардың экологиялық сана мен тұрақты даму үшін маңыздылығын көрсету. Бұл кітаптағы негізгі тұжырымдар:

- Діни және дүниетанымдық көзқарастар: Фольц әртүрлі діни дәстүрлер мен дүниетанымдық көзқарастарды талдайды, олардың табиғат пен қоршаған ортаға деген көзқарастарын зерттейді. Ол әртүрлі нанымдар мен философиялардың біздің табиғат туралы түсінігімізді қалай қалыптастыратынына және онымен қарым-қатынасымызды анықтайтынына назар аударады.

- Дін және экология: Автор діни ілімдер мен наным-сенімдердің экологиялық сана мен жауапкершілікті дамыту үшін қажет екенін айтады. Ол діни дәстүрлердің адамдарды табиғатқа қамқорлық жасауға және экологиялық мәселелерді шешуге қалай шабыттандыратынын зерттейді.

- Діндердің экологиялық мұрасы: Фольц қоршаған ортаға деген көзқарасты қалыптастырудағы діндердің тарихи және мәдени әсерін қарастырады. Ол діни мәтіндердің, рәсімдер мен тәжірибелердің әртүрлі мәдениеттер мен қоғамдардағы табиғатқа деген көзқарасына қалай әсер ететінін зерттейді.

- Дін және экологиялық қозғалыстар: Автор діни дәстүрлердің экологиялық қозғалыстармен және ұйымдармен өзара байланысын қарастырады. Ол экологиялық құндылықтарды, этика мен әрекеттерді қалыптастырудағы діннің рөлін, сондай-ақ діни және экологиялық қауымдастықтар арасындағы ынтымақтастық мүмкіндіктерін талдайды.

- Жаһандық көзқарастар: Фольц дін мен қоршаған орта арасындағы

қарым-қатынасты зерттеуде жаһандық өлшемнің маңыздылығын атап көрсетеді. Ол дүние жүзіндегі мысалдар мен тәжірибелерге сүйене отырып, әртүрлі мәдени контексттер мен дүниетанымдарды зерттейді.

(3) Розмари Хэнкоктың «Ислами экологизм: АҚШ пен Ұлыбританиядағы белсенділік (Islamic Environmentalism: Activism in the United States and Great Britain)» [12] еңбегі АҚШ пен Ұлыбританиядағы исламдық қауымдастықтардың экологиялық белсенділігін зерттейді. Автор экологиялық және тұрақты бастамаларды қолдау мен жүзеге асырудағы ислам құндылықтарының, принциптері мен ұйымдарының рөлін талдайды.

(4) «Ислам және тұрақты даму: жаңа көзқарастар (Islam and Sustainable Development: New Worldviews)» [13] кітабында Оде әл-Джаюси тұрақтылықтың әлеуметтік, адами және экономикалық өлшемдерін исламдық тұрғыдан қарастырады. Сондай-ақ ол тұтынушылық пен қалдықтарды өндіруден тыс жақсы өмірді қайта анықтайтын жаңа тұрақтылық парадигмасын қолдау үшін инновацияларды, білім жүйесін құруды және дамытуды ынталандыратын білім беру мәселесін қарастырады. Кітапта келесі негізгі ойлар айтылады:

- Тұрақты дамуға исламдық көзқарас: Автор тұрақты дамуға негіз бола алатын исламдық принциптер мен құндылықтарды талдайды. Ол Құдай алдындағы жауапкершілік, табиғи ресурстарды пайдаланудағы үнемділік пен теңгерімділік ұғымдарын, сонымен қатар қоршаған ортаны сақтаудағы адамның рөлін түсінуді қарастырады.

- Ислам және мәдени әртүрлілік: Автор мәдени әртүрліліктің маңыздылығына тоқталып, әртүрлі мәдениеттерге құрмет пен табиғатты сақтауды қамтитын ислами парадигманы қабылдауға шақырады. Ол әртүрлілік ислам құндылықтарының бір қыры екенін және тұрақты дамуға ықпал ете алатынын атап өтті.

- Жаһандық және жергілікті бағыттар: Автор жаһандық және жергілікті бағыттарды ескеретін тұрақты дамуға кешенді тәсілді ұсынады. Ол тұрақтылыққа қол жеткізу үшін әртүрлі дең-

гейлер – жеке адамнан жаһандық деңгейге дейін ынтымақтастық пен өзара әрекеттесу маңыздылығын атап көрсетеді.

- Білім берудің рөлі: Автор экологиялық сананы қалыптастыруда және тұрақты дамуға бағытталған жаңа идеялар мен тәжірибелерді дамытуда білім берудің маңыздылығын қарастырады. Ол саладағы инновациялар мен білімге тарту үшін ислам құндылықтары мен қағидаларын білім беру бағдарламаларына енгізу қажеттігін атап көрсетеді.

(5) Ричард С. Фольц, Фредерик М. Денни және Азизан Бахаруддиннің «Ислам және экология: тапсырылған сенім (Islam and Ecology: A Bestowed Trust)» [14] атты еңбегі ислам контекстіндегі экология тақырыбын қарастырады. Кітапта әртүрлі авторлар жазған әртүрлі тараулар бар, сондықтан әр автор өз тезистерін алға тартады. Төменде авторлардың әрқайсысының негізгі тезистеріне шолу берілген:

Ричард Фольц:

- Ислам мен экологияның өзара әрекеттесуі: Ислам сенімі мен ондағы әлем туралы идеялардың қоршаған ортаға және табиғи ресурстарға деген көзқарасқа қалай әсер ететінін зерттейді.

- Исламдық экологиялық этиканың рөлі: Қоршаған ортаны қорғауға және тұрақты дамуға қатысты исламның негізгі принциптері мен құндылықтарын талдайды.

Фредерик М. Денни:

- Ислам дәстүріндегі экология: Исламның табиғат пен қоршаған ортаға қалай қарайтынын түсіну үшін дәстүрлі ислам мәтіндері мен дереккөздерін зерттейді.

- Адамның Алланың алдындағы жауапкершілігі: Ол ислам сенімі мен іліміне сүйене отырып, адамның табиғатты қорғаушы және қамқоршы ретіндегі рөлін талқылайды.

Азизан Бахаруддин:

- Әйелдер және қоршаған орта: Ол әйелдердің ислам қоғамындағы орны мен олардың қоршаған ортаны қорғауға қосқан үлесі арасындағы байланысты зерттейді.

- Білім беру мен ағартушылықтың рөлі: Ол тұрақты дамуға қол жеткізу үшін мұсылман қауымы арасында эко-

логиялық мәселелер туралы білім беру және хабардар болу қажеттілігін айтады.

Жалпы Ислам дүниетанымында мұсылмандардың санасына әсер ету арқылы экологиялық мәселелерді реттеуге көмектесе алатын құндылықтар жүйесі бар. Бұл көзқарасты дәлелдеу үшін хадистерге жүгінуге болады. Қоршаған ортамен байланысты адамзаттың бүгінгі үлкен проблемасы – жаһандық климаттың жылуы. Бұл мәселені шешудің маңызды жолдарының бірі – ағаш өсіру, жерді көгалдандыру. Исламда Мұхаммед Пайғамбар жер өңдеуге барлық мұсылмандарды шақырды. Бұл туралы мағыналы хадис бар. Алла Елшісі: «Егер бір мұсылман көшет ексе немесе егіс егіп, одан адам, жануар немесе басқа біреу дәм татқан болса, ол оған садақа болады» (Имам Мүслім) [15]. Кімде-кім көшеттен жесе, мейлі ол жәндік болсын, мейлі құс болсын немесе олар қандай да бір пайда көрсе, егінші Алла Тағаланың алдында садақа жазылады. Мұның жалпы барлығына пайдасы бар.

Хадистерда Пайғамбардың жеке өзі ағаш отырғызғандығы белгілі. Ол өз қолымен Салман әл-Фарисиге 200 пальма ағашын отырғызғаны айтылады. Пайғамбар зекет ретінде Мәдинада бақтарды қалдырды. Мәдина тұрғындары осы өсімдіктің игілігін көріп, жемісін жеді. Сонымен қатар Пайғамбар өсімдіктер мен ормандарды кесуге қатаң тыйым салған. Пайғамбар тіпті соғыс жағдайында да ағаш кесуге тыйым салған. Пайғамбар сахабаларға жауды жеңуге көмектесе де ағаш кесуді болмайды деп өсиет етеді. Мысалы, хадистердің бірінде былай айтылған: «Ағаш кескеннің басын Аллаһ тозаққа жібереді» (хафиз әл-Байхаки) [15]. Бұдан бөлек, басқа да хадистерде табиғатты аялап, ысырап етуден тыйып, табиғатты қорғауға шақырады. Олар Ислам өз ізбасарларын табиғатты сақтауға шақыратын экологиялық жауапкершілікті көрсетеді.

Қорытынды

Осылайша, исламдық экологиялық сана ислам дінінің бірегей құндылықтары мен қағидаларына негізделген. Ол мұсылмандарды табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалануға, қоршаған орта-

ны сақтауға және қазіргі экологиялық мәселелерді шешу үшін белсенді шаралар қабылдауға шақырады. Ислам экологиясы ислам контекстінде тұрақты дамуға қол жеткізу үшін құнды принциптер мен нұсқауларды ұсынады.

Ислам құндылықтары мен ілімдері мұсылмандардың экологиялық санасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Ислам экологиясы Алланың алдындағы жауапкершілік пен табиғатты құрметтеу қағидаларына сүйене отырып, мұсылмандарды ресурстарды тұрақты пайдалануға және қоршаған ортаны қорғауға шақырады. Дегенмен, заманауи экологиялық міндеттерді шешу бүкіл әлем қауымдастығының, соның ішінде мұсылман қауымының ынтымақтастығы мен күш-жігерін қажет етеді. Исламдық этика мен ілімдерге негізделген заманауи көзқарастарды дамыту, сондай-ақ мұсылмандарды экологиялық бастамаларға белсенді тарту планетамыздың тұрақты болашағын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқара алады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Гусейнова Ж.О. Экологические проблемы в исламской теологии // *Религия и экология*. – 2009. – № 4. – С. 235-241.
- 2 Құран Кәрім.
- 3 Khalid F.M. The Encyclopedia of Religion and Nature. – Continuum, 2010. – P. 879-883.
- 4 About IFEEES/EcolIslam // [Электронды ресурс] URL: <https://www.ifees.org.uk/> (Қаралған күні: 04.06.2023)
- 5 Alliance of Religions and Conservation // [Электронды ресурс] URL: http://www.arcworld.org/about_ARC.html (Қаралған күні: 04.06.2023)
- 6 Islamic Relief Worldwide // [Электронды ресурс] URL: <https://islamic-relief.org/about-us/> (Қаралған күні: 06.06.2023)
- 7 Islamic Educational, Scientific and Cultural Organization // [Электронды ресурс] URL: <https://icesco.org/en/> (Қаралған күні: 06.06.2023)
- 8 Nasr S.H. Religion and the Order of Nature. – Oxford University Press, 1996. – 320 p.
- 9 Nasr S.H. Man and Nature: The Spiritual Crisis in Modern Man. – Harvard University Press, 2013. – 151 p.
- 10 Nasr S.H. Man and Nature: The Spiritual Crisis in Modern Man. – Kazi Publications, 2007. – 151 p.
- 11 Foltz R.C. Worldviews, Religion, and the

Environment: A Global Anthology. – Thomson Wadsworth, 2002. – 620 p.

12 Hancock R. Islamic Environmentalism Activism in the United States and Great Britain. – Routledge, 2019. – 172 p.

13 Al-Jayyousi O.R. Islam and Sustainable Development: New Worldviews. – Gower, 2016. – 216 p.

14 Foltz R.C., Denny F.M., Baharuddin A.H. Islam and Ecology: A Bestowed Trust. – Center for the Study of World Religions, 2003. – 624 p.

15 Абдулаев М.-А. Охрана окружающей среды и растительности // [Электронды ресурс] URL: <https://islam.ru/content/veroeshenie/43293> (Қаралған күні: 06.06.2023)

Transliteration

1 Gusejnova ZH.O. Ekologicheskie problemy v islamskoj teologii [Environmental issues in Islamic theology] // *Religiya i ekologiya*. – 2009. – № 4. – S. 235-241. (in Russ)

2 Quran Karim [Holy Quran]. (in Kaz)

3 Khalid F.M. The Encyclopedia of Religion and Nature. – Continuum, 2010. – P. 879–883.

4 About IFEES/Ecolslam // [Elektronny resurs] URL: <https://www.ifees.org.uk/> (Qaralghan kuni: 04.06.2023)

5 Alliance of Religions and Conservation // [Elektronny resurs] URL: http://www.arcworld.org/about_ARC.html (Qaralghan kuni: 04.06.2023)

6 Islamic Relief Worldwide // [Elektronny resurs] URL: <https://islamic-relief.org/about-us/> (Qaralghan kuni: 06.06.2023)

7 Islamic Educational, Scientific and Cultural Organization // [Elektronny resurs] URL: <https://icesco.org/en/> (Qaralghan kuni: 06.06.2023)

8 Nasr S.H. Religion and the Order of Nature. – Oxford University Press, 1996. – 320 p.

9 Nasr S.H. Man and Nature: The Spiritual Crisis in Modern Man. – Harvard University Press, 2013. – 151 p.

10 Nasr S.H. Man and Nature: The Spiritual Crisis in Modern Man. – Kazi Publications, 2007. – 151 p.

11 Foltz R.C. Worldviews, Religion, and the Environment: A Global Anthology. – Thomson Wadsworth, 2002. – 620 p.

12 Hancock R. Islamic Environmentalism Activism in the United States and Great Britain. – Routledge, 2019. – 172 p.

13 Al-Jayyousi O.R. Islam and Sustainable Development: New Worldviews. – Gower, 2016. – 216 p.

14 Foltz R.C., Denny F.M., Baharuddin A.H. Islam and Ecology: A Bestowed Trust. – Center for the Study of World Religions, 2003. – 624 p.

15 Abdulaev M.-A. Ohrana okruzhayushchej sredy i rastitel'nosti [Environmental and Vegetation Protection] // [Elektronny resurs] URL: <https://islam.ru/content/veroeshenie/43293> (Qaralghan kuni: 06.06.2023) (in Russ)

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Айкерім Алтайқызы жетекші ғылыми қызметкер, PhD, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, email: aikerim.altaiqyzy@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-9689-4592>

Лаура Ниязбековна Тоқтарбекова жетекші ғылыми қызметкер, PhD, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, email: lauratoktarbekova@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-4063-8255>

Айкерім Алтайқызы ведущий научный сотрудник, PhD, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: aikerim.altaiqyzy@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-9689-4592>

Лаура Ниязбековна Тоқтарбекова ведущий научный сотрудник, PhD, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: lauratoktarbekova@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-4063-8255>

Aikerim Altaikyzy Leading Researcher, PhD, Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: aikerim.altaiqyzy@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-9689-4592>

Laura Toktarbekova Leading Researcher, PhD, Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: lauratoktarbekova@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-4063-8255>

АЛТЫН ОРДАДА СОПЫЛЫҚ ІЛІМІНІҢ ТАРАЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

¹ Л.Е. Қызыке, ²Ө.Шобанұғлы, ³Н.А.Кенжегулов

АҢДАТПА

Соңғы жылдары Еуразия төскейіндегі түркі-мұсылман халықтарының басын құраған ірі мемлекет – Алтын Орданың діни тарихы бойынша зерттеулер көптеп жүргізілуде. Еділ бойы мен Дешті Қыпшақ халықтарының діни мен ұстанған конфессияларын зерттеудің маңыздылығы артып, осы бағыттағы ғылыми жұмыстардың қатары артып келеді. Діннің рухани, философиялық және мәдени ролін зерттеуге қызығушылықтың артуы ғылыми жұмыстардың жүргізілуіне арқау болып отыр. Исламда ең негізгі діни-философиялық бағыттардың бірі саналған – Сопылық ілімнің Алтын Орда халықтарының арасында таралуы мен оның әлеуметтік-мәдени және рухани ролін түбегейлі зерттеу ғылымдағы аса маңызды және кезек күттірмейтін тақырыптардың біріне айналып отыр. Алтын Орда мемлекетінде Ислам тарихы, оның қабылдануы мен халық санасына сіңдірілуі гуманитарлық ғылымдардың өкілдерінің назарын өзіне аударып келеді. Алтын Ордада Ислам тарихы мен руханияты бойынша зерттеулердің айтарлықтай жоғары даму деңгейіне қарамастан, ғылыми ізденістердің қажеттілігі байқалады. Соның ішінде ең өзектісі – сопылық ілімнің тарихы мен философиясы болып, бұл бағыттың Орда халықтарының санасындағы рухани құндылықтары маңызды саналады. Ұсынылып отырған ғылыми мақалада түркі дәуірінің аса ірі мемлекеті болған Алтын Ордада Ислам дінінің, оның ішінде сопылық ілімнің таралуы мен оның рухани-философиялық құндылықтары қарастырылады. Алтын Орда халқының Исламды қабылдауда және мұндағы сопылық ілімінің таралуына тарихи талдау жасалады және рухани тұрғыдан баға беріледі.

Түйін сөздер: Алтын Орда, ислам, сопылық, түркі халықтары, рухани мұра, құндылық.

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

² Хожатепе университеті, Анкара, Түркия

³ Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Л.Е. Қызыке,
lyaka_kizikeeva@mail.ru

Мақаланың сілтемесі:
Қызыке Л.Е., Шобанұғлы Ө., Кенжегулов Н.А. Алтын Ордада сопылық ілімінің таралуы және оның рухани құндылықтары // Адам әлемі. – 2023. – №2 (96). – Б. 159-167.

Распространение суфийского учения и его духовных ценностей в Золотой Орде

Аннотация. В последние годы проводится большое количество исследований по религиозной истории Золотой Орды-крупнейшего государства тюрко – мусульманских народов Евразии. Растет значимость изучения религий и исповеданий народов Поволжья и Дешт-Кыпчака, растет число научных работ в этом направлении. Растущий интерес к изучению духовной, философской и культурной роли религии обусловлен проведением научных работ. Одним из важнейших и неотложных вопросов в науке становится фундаментальное изучение распространения суфийского учения среди народов Золотой Орды и его социокультурной и духовной роли, которое в исламе считается одним из основных религиозно-философских направлений. В государстве Золотая Орда история ислама, его принятие и пропитание народным сознанием привлекают внимание представителей гуманитарных наук. Несмотря на достаточно высокий уровень развития исследований по исламской истории и духовности в Золотой Орде, наблюдается потребность в научных изысканиях. Наиболее актуальной из них является история и философия суфийского учения, важнейшими из которых являются

духовные ценности этого направления в сознании ордынских народов. В предлагаемой научной статье рассматривается распространение ислама, в том числе суфийского учения, и его духовно-философские ценности в Золотой Орде, крупнейшем государстве тюркской эпохи. Дается исторический анализ и духовная оценка распространения суфийского учения народа Золотой Орды в восприятии Ислама.

Ключевые слова: Золотая Орда, Ислам, суфизм, тюркские народы, Духовное наследие, ценность.

The Spread of Sufi Doctrine in the Golden Horde and its Spiritual Values

Abstract. In recent years, a lot of research has been carried out on the religious history of the Golden Horde, a large state that formed the head of the Turkic-Muslim peoples of Eurasia. The importance of studying the religion and Confessions of the peoples of the Volga region and Deshti Kipchak is growing, and a number of scientific works in this direction are increasing. The increase in interest in the study of the spiritual, philosophical and cultural role of religion is due to the conduct of scientific work. One of the most important and urgent topics in science is the fundamental study of the spread of Sufi doctrine among the peoples of the Golden Horde and its socio-cultural and spiritual role, which is considered one of the most basic religious and philosophical trends in Islam. In the state of the Golden Horde, the history of Islam, its adoption and immersion in the minds of the people attract the attention of representatives of the humanities. Despite the rather high level of development of research on the history and spirituality of Islam in the Golden Horde, there is a need for scientific research. Of these, the most relevant is the history and philosophy of Sufi teachings, and the spiritual values of this direction in the minds of the Horde peoples are considered important. The proposed scientific article discusses the spread of the Islamic religion, including Sufi teachings, and its spiritual and philosophical values in the Golden Horde, which was the largest state of the Turkic era. A historical analysis of the adoption of Islam by the people of the Golden Horde and the spread of the teachings of Sufism here is carried out and a spiritual assessment is given.

Key words: The Golden Horde, Islam, Sufism, Turkic Peoples, Spiritual Heritage, Value.

Кіріспе

Еуразияның төскейінде исламның таралу тарихы XIII-XV ғасырларда монғолдың ең қуатты мемлекеттерінің бірі болған Алтын Орда, яғни Жошы ұлысындағы процестермен тығыз байланысты. Ұлы Дешті Қыпшақ даласындағы көшпелілердің көп тайпалы ордалары осы бір көшпелілер империясының құрамында болып, ол орасан зор діни-конфессионалдық, тілдік, этникалық және экономикалық-мәдени қауымдастықтың «құрамдас бөлігі болды. Моңғол жаулап алуларынан кейін пайда болған әр түрлі мәдениет пен өркениеттер көп ұлтты ірі діни жүйелердің пайда болуына әкелді. XIII ғасырда Төменгі Еділ мен Ұлы Дала көшпелілері және Орталық Азияның отырықшы мұсылман өркениеттерінің дәстүрлерін өз ішіне қамтыған Алтын Орда мемлекетінде мәдениет пен өркениеттің қалыптасуы мен дамуы күрделі процесс болды. Жошы ұлысында әр түрлі діндер мен оған негізделген

мәдениеттердің тоғысуы жүріп жатты. Оның ең негізгісі – ислам діні болып, ол қоғам мен мәдениеттің дамуына ұйытқы болды. Алтын Ордада ислам діні қабылданғаннан кейін көшпелі даланың исламдануының ұзақ процесі басталып, Қазан, Астрахань, Қырым және Сібір халықтарының, қазақтар мен ноғайлардың, башқұрттар мен қарақалпақтардың діни бағытын алдын ала белгіледі.

Бұл халықтардың барлығы дерлік ислам дінін қабылдап. Діни ілім мен адамгершілік ұстанымдарға байланысты олар Сопылық ілімге бет бұрды. Соның негізінде алтын Ордаға Сопылық ілім мен оның тариқаттары таралды. Алтын Ордада негізгі халқы саналған түркілердің рухани өмірі мен философиясында Сопылықтың орны ерекше болды. Сопылық өте көп қырлы және әр текті ағым ретінде өзінің формасы мен мазмұны жағынан күрделі құрылым болып табылады. Сопылық негізінен Алтын Ордаға исламмен бірге келді деген тұжырым бүгінгі күні басым

болуда. Себебі, дамыған орта ғасырларда Исламның негізгі бағыты Сопылық ілімі болып, ол Орда халықтарының рухани даму деңгейі мен этноконфессиялық ерекшеліктеріне ықпал етті, сондай-ақ, сопылық идеология мен оның институттарының өзіндік даму жолын айқындады. Мұның барлығы, Алтын Орда мемлекетінде екі жүз жылдан астам бірге өмір сүрген көптеген халықтар мен мәдениеттердің дамуымен астасып жатыр. Осыны негізге алатын болсақ, Алтын Ордада сопылық ілімнің таралуы мен оның ерекшеліктерін анықтаудың маңыздылығын анықтаудың қажет екені айтпаса да түсінікті.

Сопылық исламның туындысы, сондықтан оның құндылықтарымен танысу үшін жазба мәдениетте көрініс тапқан ислам ілімдерінің белгілі дәстүрлері қажет. Сопылықтың түркі халықтарының рухани іліміне айналуы үлкен процес болып, Алтын Ордада Еділ бойы, Хорезм және Орта Азиядағы сияқты үлкен аймақтарда мұсылман орталықтарының ғасырлар бойы қалыптасып, дамуына күш салды. Дегенмен бұл географиялық аймақтар сопылық ілімнің дамуы үшін толықтай дайын болған аймақтар дегенді білдірмейді. Сопылық ілімнің таралуы баяу жүрді және ол халық жадына терең сіңдірілді. Жоғарыда аталған аймақтар сопылық ілім мен мәдениетті үш-төрт ғасырдан астам уақыт бойы дамытты.

Әдіснама

Алтын Ордадағы ислам дінінің таралуы бойынша кеңестік, ресейлік отандық және шетелдік ғалымдар айналысты. Ал, соның ішінде сопылық ілімнің таралу мәселесіне тоқталған ғалымдардың қатары да аз болмады. Ресейлік тарихшылардың Алтын Ордадағы діндер туралы арнайы еңбегі ерекше назар аударуға тұрарлық. Тақырыпқа қатысты ғылыми зерттеулердің егжей-тегжейлі талдауына ерекше тоқтала отырып, оларда берілген тұжырымдардың басым бөлігі күмәнсіз деуге болады. Осы орайда, зерттеу тақырыбының теориялық-

методологиялық негізінің бір бағыты ретінде Алтын Орда халықтарының исламды қабылдау процесі мен осы мәселеге қатысты жүргізілген іргелі зерттеулер басшылыққа алынды. Ұсынылып отырған ғылыми жұмыста мақаланың мазмұны көрсетіп тұрғандай, Орда халықтарының, әлемдік діндерге өтуінің тек діни аспектісіне назар аударылып, мәселені шешудің баламалы ғылыми зерттеудің тарихи, философиялық әдістері негізге алынды.

Тақырыптың теориялық және методологиялық негізін қазіргі ғылымда алға қойылған негізгі ережелер құрайды. Ислам дінінің Алтын Ордаға, ондағы түркі халықтарына таралуы – орта ғасырлардағы діни саясат тарихи процестің жемісі болып табылатын әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырылады. Жұмыстың тақырыбының методологиялық негізі ретінде – жалпы дінді және оның ішінде конфессияларды зерттеуге мүмкіндік беретін құрылымдық-функционалдық көзқарас пен ұстаным алға тартылады. Сонымен қатар, жұмыста сопылықтың таралуы және халық санасына сіңдірілу процестері мен құбылыстарының ерекшеліктерін тереңірек зерттеу үшін зерттелетін объектінің ішкі байланысын анықтауға және бағалауға, оны интегралдық фактор ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін жүйелік зерттеу әдісі қолданылды. Сондай-ақ логикалық, тарихи және басқа да жалпы ғылыми зерттеу әдістері қолданылды.

Зерттеу жұмысының мазмұны гуманитарлық ғылымдардың принциптеріне негізделді. Сонымен қатар зерттеу барысында мәселе жүйелі түрде талдау жасалып, бұл Алтын Ордада түркілер арасында сопылықтың дамуы, оның таралу жолдарын, әлеуметтік өзгерістер мен үрдістерді, түркі халықтарында руханияттың деңгейін анықтауға мүмкіндік жасады. Жұмыс барысында белгілі дәрежеде тарихи зерттеу әдістері де қолданылды. Ол әсіресе исламның, сопылықтың Алтын Орда халықтарында, қазіргі Қазақстанмен шекаралас елдердегі таралу жағдайы туралы тарихи

мәліметтерді пайдалануға негізделді. Зерттеудегі басты методологиялық ұстанымы ретінде соңғы жылдары ғылымда болып жатқан өзгерістер мен жаңа принциптер мен әдістер, көзқарастар негізге алынды. Исламның таралуы тарихының теориялық мәселелері, сопылықтың тағдыры, түркілер арасындағы рухани ахуал жұмыстың негізгі бағыт-бағдарын айқындады.

Негізгі бөлім

Ислам дінінің Алтын Орда мемлекетінде таралуы мемлекет тарихында жүргізілген негізгі діни және конфессиялар процестердің бірі саналады. Ол бойынша көптеген зерттеулер жүргізіліп, олардың басым бөлігі Алтын Орда мемлекетінде діни тарихты көрсетумен шектелді. Қазіргі кезде тарихшылар мен қоғамтанушы ғалымдар және дінтанушылар мен философтар ендігі кезекте ислам дінінің діни құндылықтары мен тәрбиелік мәнін, көрсетіп, соның қатарында сопылық ілімнің мәдени рөлі мен ерекшеліктерін көрсетіп келеді. Мұның өзі ғылымда жаңа тұжырымдардың қабылдануына себепкер болып, Алтын Орда қоғамында ислам діні мен оның философиялық жолы жаңа қырынан толығуда.

Тарихи уақыттың өзіндік даму жолымен көрсетілетін болса, Алтын Орданың құрылуынан бастап-ақ орда хандарының исламға деген ұстанымы мен көзқарасы жоғары болды. Солардың бірі ретінде Берке ханның Исламға деген көзқарасы жоғары болып, ол оны берік ұстанды. Берке ханзада жас кезінде Худжанд қаласында мұсылман имамдарының бірінен Құран оқыды. Ол Бұхарадағы ислам ғұламаларына барып, олармен көп әңгімелескен. Ибн Халдун мен әл-Айнидің айтуынша, Жошы ұрпақтарының монотеизмге өтуі сонда болған. Берке ислам дінін Наджм ад-дин Кубраның шәкірті сопы шейх Шамс ад-дин (Саиф ад-дин) әл-Бахерзиден қабылдады. «Ибн Халдун, әл-Айни және басқалары сияқты араб тарихшылары Берке ханды ислам дінін қабылдаған

атақты Бұхара шейх әл-Бахерзи шейхпен кездесуге арнайы келген оны мешіт қақпасының алдында тұруға мәжбүрлегенін айтады. Қабылдағанға дейін оның үйіне үш күн қалдырды. Берке хан сияқты құдіретті билеуші (ол кезде әлі де ықпалды ханзада) ханның қорланған қадір-қасиетін сезініп, сол арқылы өзінің бүкіл мұсылман әлемі алдында исламның беделіне деген құрметі мен таңданысын баса білді... Берке хан ақылды, көрегендігі соншалық, ол өзінің жеке хандық мақтаныш сезімін саяси есептен тыс басып кете алды» [1, 81-82 бб.] деп көрсетілген.

Берке ханның замандасы болған Сирадж ад-дин әл-Жүзжанидің айтуынша: «Берке хан исламды Сейф ад-Дин Бахарзидің қолынан қабылдады» деп есептесе, XIV ғасырдағы араб авторлары. Ибн Халдун мен әл-Айни: «Берке Бұхарада мұсылман ғұламаларын аралап, олармен сөйлесіп, сонда ол Наджм ад-Дин Кубраның шәкірті сопы шейх Шамс ад-Дин әл-Бахарзиден де исламды қабылдады» [2, 368-370 бб.] деп жазды. Келесі кезекте, тағы бір ортағасырлық зерттеуші Әл-Омаридің айтуынша, Беркенің мұсылмандықты қабылдауы Мөңке ұлы хан болып жарияланған құрылтайдан Моңғолиядан Еділ бойына қайтып келе жатқан кезде болған дей отырып, оның жылын 1251 деп көрсетеді. Беркенің таққа отырғанға дейін ислам дінін қабылдағанын 1253 жылы Хан Батудың сарайында болған францискандық монах В. Рубрук атап өтіп, «Берке өзін мұсылман деп санап және өз сарайында шошқа етін жеуге рұқсат бермейді» [3, 117-118 бб.] деп сипаттаған.

Кейінірек, Берке мен оның әулетінің белсенді азаматтары Бұхараға барған. Кейіннен шамамен 1257 жылы Берке хан атанған соң осы қаланың көрнекті ғұламаларына құрмет көрсету және құрмет көрсету мақсатында Бұхарға қайта барады. Хан Беркенің бұл қажылығында оның тәлімгері Сейф ад-Дин Бахарзидің (1261 жылы қайтыс болған) Хорезмнің беделді шейхы Ахмед ибн Омар Абул-Джаннаба Наджм ад-дин әл-Кубра әл-Дәжмәд-

Дин әл-Кубра әл-Дәжмәннің тірі аз ғана мүридтерінің қатарында болғаны назар аудартады. Хивай әл-Хорезми, сопылық ілімнің теоретигі әрі практигі, «Кубрауи» сопылық тариқасының негізін қалаушы, біздің заманымызға дейін Хорезмде өте танымал болған. Бұл әулиені қастерлеу оның халық нанымдарына өте жақын сопылық ағымын дамытудағы белсенділігімен ғана емес, оны монғолдардың Үргенішті (Гурганж) алу кезіндегі Шыңғыс хан әскерлерімен соғыста ерлікпен қаза табуымен де байланысты болғаны жағдайды барынша күрделендірді.

Шығармашылық өмірде қалыптасқан атау мен терминологиялық базада әл-Кубра «теологияның шамшырағы» және «ғазы» (жауынгер және сенім үшін шейіт) ретінде көрінеді, қайтыс болғаннан кейін оны ханаканың жанына жерледі. Қазірдің өзінде, шамасы, 1250 жылдары. оның жерленген жері зиярат ететін орынға айналды. Сол сияқты, Ибн Баттута Наджм ад-Дин Кубраның қабірі туралы былай деп жазады: «Хорезмнен шыға берісте ең үлкен әділдердің бірі шейх Наджм ад-Дин әл-Кубрдың қабірінің үстіне алынған кішігірім орын бар. Онда осында келіп және жол-жөнекей өтіп бара жатқандарға ауызашар әзірлейді».

Берке хан Алтын Орда билеушілерінің арасынан исламға қызығушылық танытқан негізгі билеушілердің бірі болды. Ол Сопылық жолды алғаш насихаттаған тариқат өкілдерінің ілімімен таныс болды. Осы тұста Беркенің қандай да бір сопылық тариқатын терең ұстанушы болғанын дәл айту қиын. Бірақ оның тұсында сопылық қауымдардың (таиф) Алтын Орда қоғамына біртіндеп енуінде фактісін жоққа шығаруға болмайды. Мұнда негізгі фактор сопылық жолдың енуінен бұрын исламның таралуы туралы мәліметтер басты назарда болып отыр. Орда хандары расында да исламға деген махаббаты ерекше болды. Оның басты мысалдарының бірі – Берке ханнан кейін 16 жыл бойы орда тағында отырған Меңгу Темір ханның исламды қабылдағаны туралы мәліметтер

келтіріледі. Ал ол қайтыс болғаннан кейін Сарай тағын иеленген інісі Тұда Мөңке ханның Исламды қабылдағанын және өзіне Мысыр сұлтанынан мұсылманша есім сұрағанын араб авторлары баяндайды. Тіпті, оның мемлекеттің маңызды істерінен бас тартып, сопылық жолға түскені жөнінде айтылады. Ал 4-5 жыл билеуші болған Тұла Бұқа ханның Ислам дініне қатысы саясаты жөнінде тарихи мәліметтер аса көлемді емес [4].

Мұнда әрине кейбір Орда хандарының исламды қабылдауы мен ұстануы туралы тұжырымдық мәселелер тууы әбден мүмкін. Себебі, әрине орта ғасырлық мемлекеттерде халықтан бұрын дінді мемлекет басшысының қабылдауы маңызды болып саналды. Осы тұста концептуалды тұрғыдан алғанда зерттеудің басты нүктесі көбінесе үстірт, синкретикалық немесе шынайы емес тұжырымдардың ұсынылуы көшпелілердің діни ұстанымдары туралы жан-жақты болжамдар тудырады. Бірақ бұл белгілі бір дәрежеде исламның көшпенділердің ішкі әлеміне берген рухани артықшылықтарын мойындаудың салдары болуы мүмкін. Қазіргі кезде отандық және ресейлік тарихшылар [5] мен қоғамтанушы ғалымдар көлемді тарихи материалдарды жинақтай отырып, негізгі тұстарға тоқталып, онда исламның таралуының алғышарттары, сыртқы саяси аспектілерін, Алтын Ордадағы исламның рөлін зерттей отырып, соның негізінде Жошы Ұлысында ислам дінінің тарауындағы сопылық тариқаттар мен этноконфессиялық қауымдастықтың қалыптасуын көрсетуде.

Алтын Орда қоғамында Сопылық адамгершілік пен руханияттың негізгі және тиімді тетіктерінің бірі бола отырып, ол рухани өмірде маңызды рөлге ие болды және қоғамдық ойдың әртүрлі ағымдарын қамтыды. Дегенмен, сопылық тариқаттардың дамуының бастапқы кезеңінде ортақ қасиет діни сенім мәселелерінде жауынгерлік ымырасыздық тәжірибесі болды. Алтын Орда дәуірінен бізге жеткен философиялық және әдеби шығармаларға қарағанда, олар сопылық

мотивтермен қаныққан, ал оларда айтылған этикалық және әлеуметтік идеал өте жоғары болды және үлкен өзін-өзі жоққа шығаруды және шешуші талапты қажет етті.

Жошы ұлысында сопылардың арасында әулиелер культі мен наным-сенімі үшін жауынгерлер туралы аңыздардың кең таралуы ғажап емес. Жошы Ұлысында Әли мен Ескендір Зул-Қарнайн сияқты жалпы мұсылмандық жауынгер әулиелерден басқа ең құрметтілердің қатарында өздерінің жергілікті әулиелері, мысалы, Наджм ад-Дин әл-Кубр және т.б. тарады. Сонымен бірге олардың ізбасарлары ықпалды тарикаттар мен діни бауырластықтарды құрады, мысалы, әл-Кубраның ізбасары, Ибн Баттутамен кездескен Сайф ад-Дин Ибн Асаба Кубравия бауырластығының ұстазы болды. Бәлкім, сопылық тарикаттардың барлық жақтастары сенім үшін қарулы күреске тікелей қатыспаған шығар, бірақ, біріншіден, олардың аз болғаны анық, өйткені олар туралы мәліметтер әртүрлі дереккөздерде де, соның ішінде фольклорлық сипатта да сақталған [6].

Тұла Бұқа ханнан соң билікте болған Тоқты ханның кезінде Исламда даму кідіріп қалғандай болды. Оның тұсында мемлекет халқы әр түрлі діндерді ұстанып, онда исламға мемлекет тарапынан арнайы қолдау болған жоқ. Мемлекетте исламның дамуы мен оның ішінде Сопылық жолдың қанат жаюы Тоқты ханнан кейін билікте болған Өзбек ханның кезінде орын алды. Өзбек ағасы Тоқта қайтыс болғаннан кейін 1312 жылы хан болды. Өзбек ханның билігі өте ұзақ болып, ол - Ұлы Орданың ең жоғары гүлденген кезеңі болды. Бұл экономиканы қалпына келтіру, қала өмірінің өсуі, соның ішінде қалалық исламдық инфрақұрылымды құру сияқты прогресті көрсетті.

Сырттай қарағанда Алтын Ордада исламдану процесі басқа ұлыстарға қарағанда басқаша көрінеді. Жошы ұлысында сопылық ілімді таратуда және оның рухани маңыздылығының артуында Сайид-Ата (Сейіт ата) мен оның «серіктерінің» қызметі ерекше

болды. Бұл туралы араб саяхатшысы Ибн Баттутаның еңбегіне қысқаша шолу жасаған жөн. Өзбек хан тұсында осы бір ортағасырлық түркі-монғол мемлекетінің бірқатар аудандары мен қала орталықтары пайда болды. Діни орындарда сопылықтың қадір-қасиеттері жайлы айтылды. Қоғамда мұсылман дін қайраткерлерінің ішінде сейіттердің есімдері де жиі аталды, өйткені олардың осы сопылықтың таралуында қызмет еткен. Бұл мағлұмат Өзбек хан тұсындағы Жошы ұлысының исламдануын неғұрлым егжей-тегжейлі түсінуге мүмкіндік беретіндігімен маңызды, өйткені бұл процесте кейбір сейіттер мен олардың сопылық топтармен байланысқан серіктері маңызды рөл атқарды.

Әулие Сейіт-Ата Өзбек хан есімін «Сұлтан-Мұхаммед Өзбек хан» деп атаған» [2, 207 б.]. Өзбек ханның ислам дінін қабылдауындағы Сейіт-Атаның рөлі туралы бұл мәліметтер Ұлықбектің «Тарих-и улус-и арба-и» кітабына барып тіреледі, өйткені мұнда мұнымен байланысты мәтін келтірілген [7, 225–226 бб.]. Бұл жерде Өзбек ханның ислам дінін қабылдағаны үшін берілген күн, нақты болмағанымен, бірақ бұл ақпараттың өзі назар аударуға тұрарлық, өйткені ол Хан Өзбектің ислам дінін қабылдауындағы сопылық топтардың рөлін ашып көрсетеді.

Мұсылман уағыздаушылардың сопылық немесе православиелік прозелитизмі, әрине, монғол ұлыстарының саяси және экономикалық өмірінің материалдық саласымен тығыз байланысты болды. Алайда хандар тарапынан конфессиялық бағытты өзгертуге байланысты прагматикалық артықшылықтарды мойындау басқа діндермен салыстырғанда исламның рухани артықшылықтарын жүзеге асырудың бастапқы себебі емес, салдары болуы мүмкін. Егер араб және парсы жылнамалары көшпелілердің исламдану процестерін бейнелейтін болса, монғол хандарының дінге келуін Құдайдың алдын ала белгілеуінің біршама тенденциялы және, өкінішке орай, үзік-үзік бейнесін берсе, басқа

әлемдік конфессиялардың өкілдері баламаға қатысты оптимизмді көрсетеді. Монғол билеушілерінің діни жанашырлығы, осылайша көшпелілер арасында параллельді және одан кем емес белсенді прозелитизмнің бар екенін көрсетеді [8].

Исламның дәстүрлі таралу аймақтарында ғана емес, сонымен қатар Төменгі Еділ бойы мен Қырымда да исламның институционализациялану процесінің тағы бір көрінісі Еділ бойында, Хорезмде және Хорезмде сопылық орындардың (ханака, рабаттар) кең таралуы болды. Исламдағы мистикалық бағыт ретіндегі сопылық ілімнің мәні әл-Фазали мен оның ізбасарларының еңбектерінде көрініс тапты. Еуразияның түркі елдерінде Ахмет Ясауидің уағыздары мен еңбектерінің арқасында сүнниттік бағыт дамыды. Әсіресе, мазарлардың маңында орналасқан ханакалар салу Алтын Ордада Өзбек хан мен оның ұрпақтары тұсында кеңінен таралып, ханакалар адамдардың рухани беделі мен әлеуметтік беделі күрт өскен кезде салынды. Кейбір ханакалар бай вақфтарды, қаржылай жәрдемақы алып, хандардың өздері қамқорлығында болды, мысалы, Өзбек ханның нұсқауымен қайта салынған Наджм ад-Дин әл-Кубраның жерленген жеріндегі қабірді орнын айтуға болады. Әр жылдары хандар сарайында шейхтер әл-Бахерзи, Сейіт-Ата және басқалар айтарлықтай ықпал етті. Яғни, киелі орындар мен әулие-әмбилер қорымдары (мазарлар) жанынан құрылған сопылық ханакалар еліміздің әр өңірінде ислам дінінің таралу ошақтары қызметін атқарған.

Осы тұста Орда халқының құрамында ислам мен сопылықтың кең таралуын бақылауында ұстаған атақты Жәнібек ханның қызметі ерекше. 1342-1357 жылдары билік құрған Өзбек ханның ұлы Жәнібек әкесінен де үлкен «исламшыл» болғанына назар аударған жөн. Бұл туралы Муин ад-Дин Натанзидің еңбектері куә болып, онда «Өзбек ұлысын бүкіл ислам дінін қабылдаған, пұттардың ғибадатханаларын қиратып, көптеген мешіттер мен медреселер

тұрғызған және салған» Жәнібек екенін көрсетеді [9, 390 б.].

Алтын Орда хандарының күшейген кезінде кең тараған Ислам мен сопылық жол шындығында Жошы Ұлысында, әсіресе түркі халқының көшпелі бөлігінде Ясауия тариқатының ықпалы басым болды. Алтын Ордада кең тараған сопылықтың тарихи тамыры әрине Орталық Азиямен байланысты екенін көрсетті. Ахмет Ясауи тариқаты Алтын Ордада кең тарады. Сонымен қатар, Кубравияның сопылық бауырластығының ілімі де тарады. Нежметдин әл-Кубраны сопылық ілімнің негізін салушы атақты теоретигі және практик деп аталады. Осыны ескере отырып, сопылық ілімнің Алтын Орда қоғамында маңызды рөл атқарғанын жоққа шығару дұрыс болмас еді. Көбінесе сопылық ілім Алтын Орда билеушілерінің сарайының қамқорлығына ие болды. Алтын Орданың көптеген хандары сопылық шейхтердің жетекшілігімен ислам дәстүрлерін үйренді.

Осылайша, Берке хан исламды Надж ад-Дин Кубраның шәкірті сопы шейх Сейф ад-Дин әл-Бахарзиден қабылдады; Өзбек хан – түркістандық шейх Сейіт-Атаның ықпалында, Ясауия тариқатын ұстанған. Жәнібекті шейх Шариф ибн 'Абдулхамид тәрбиелеген. Кубравия тариқатының ізбасарлары бастапқыда Иран өркениетіне ұшыраған түрік-иран тектес отырықшы халық болған Орталық Азияда негізгі рөл атқарды. Бірақ бұл тариқаттар туралы айтатын болсақ, біз бұл сопылық бауырластықтардың белгілі нысаны бойынша соңғы түрінде тек XIV-ші ғасырдың аяғы мен - XV-ші ғасырдың басында қалыптасқанын есте ұстауымыз керек. Деректерден сопылық ілімнің бір шейхтен екінші шейхке қалай өткені туралы әңгімелерді таба аласыз. Сондықтан XIV ғасырдың бірінші жартысындағы тариқаттар туралы айтқанда, сопылық бағыттардың кейбірін ғана есте сақтау керек сияқты.

Алтын орда халықтары арасынан Сопылықты қабылдаған ұлттар мен әулеттердің түрлері әр түрлі болды. Әрине, Сопылықты аумақтық негізде бөлу

дұрыс болмайды, өйткені сопылар әр түрлі ұлт өкілдері болғандықтан, сопылық ілім қандай да бір белгілі бір іліммен шектелмеген, оның негізгі мақсаты адамды рухани құндылықтарды меңгеруге үйрету болып табылады. Сонымен қатар, ол кемелдік принципі адамның өзін-өзі моральдық жағынан жетілдіру болып, бұл ретте ақиқатты ұғыну, Алламен тілдесу түсіндіріледі.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, ислам дінінде Сопылық бағыттың Алтын Орда мемлекетінің аумағында таралуы және осы ілімнің Орда халқының санасына сіңдірілуі мен оның дамуы аса ірі идеологиялық және философиялық мәнге ие болды. Орда халқының исламның осы бір маңызды бағытын қабылдап, оны өзінің күнделікті өмірімен байланыстыруы халықтың исламға деген махаббатының тереңдігін сипаттады. Ислам мен оның ішінде сопылықтың таралуы ұзақ процесіті қамтыды. Алтын Орда халқының арасында өзге діндердің болуы және сонымен қатар сопылықтың таралуы мұнда үлкен мәдениеттер мен дәстүрлердің болғанын және олардың өзара соқтығысуын сипаттайды. Мұның өзі саяси, мәдени және өркениеттік тұрғыдан алғанда Алтын Орда мемлекетінің империя дәрежесінде болғанын айқын көрсетеді. Орда халқы арасында сопылық ілімнің таралуы мәдениеттің, дәстүрдің қоғам тәрбиесі мен санасының белгілі бір деңгейге көтерілуіне ықпал етті. Басты қорытындылардың бірі Алтын Орда ислам діні мен оның ішінде Сопылық ілімнің келесі ұрпаққа «жеткізуші көпір» ретінде тарихта қалды.

Әдебиеттер тізімі

1 Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и её падение. - М.-Л., Изд-во АН СССР, 1950. - 505 с.

2 Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Том 2. - М./Л., Изд-во Академии наук СССР, 1941.

3 Джованни дель Плано Карпини. История монгалов. Гильом де Рубрук. Путешествия

в восточные страны. Книга Марко Поло. Сборник. - М., Мысль, 1997. - 378 с.

4 Утемиш-хаджи. Чингиз-наме. - Алма-Ата, Ғылым, 1992. - 296 с.

5 Малов Н.М., Малышев А.Б., Ракушин А.И. Религия в Золотой Орде. - Саратов, Издательство Саратовского государственного университета им. Н. Г. Чернышевского, 1998. - 127 с

6 Васильев Д.В. К вопросу о роли суфизма в исламизации Золотой Орды // Гуманитарные исследования. - Астрахань, 2003. - № 6. - С. 19-24

7 Мирзо Улугбек. Тұрт улус тарихи. - Ташкент: «Чўлпан» нашриёти, 1994.

8 Хаутала Р. Исламизация Джучидского и Хулагуидского улусов в сравнении: точки зрения мусульманских и христианских источников // Золотоордынское обозрение. - 2018. - Т. 6. - № 4. - С. 676-695.

9 Золотая Орда в источниках. Т.1. Арабские и персидские сочинения. - М., 2003.

Transliteration

1 Grekov B.D., Jakubovskij A.Ju. Zolotaja Orda i ejo padenie [The Golden Horde and its Fall]. - M.-L., Izd-vo AN SSSR, 1950. - 505 s. (in Russ)

2 Sbornik materialov, odnosjashhihsja k istorii Zolotoj Ordy [Collection of materials related to the history of the Golden Horde]. Tom 2. - M./L., Izd-vo Akademii nauk SSSR, 1941. (in Russ)

3 Dzhovanni del' Plano Karpini. Istorija mongalov. Gil'om de Rubruk. Puteshestvija v vostochnye strany. Kniga Marko Polo [Giovanni del Plano Carpini. History of the Mongols. Guillaume de Rubruk. Travels to Eastern countries. Marco Polo book]. Sbornik. - M., Mysl', 1997. - 378 s. (in Russ)

4 Utemish-hadzhi. Chingiz-name [Chingiz-name]. - Alma-Ata, Gylm, 1992. - 296 s. (in Russ)

5 Malov N.M., Malyshev A.B., Rakushin A.I. Religija v Zolotoj Orde [Religion in the Golden Horde]. - Saratov, Izdatel'stvo Saratovskogo gosudarstvennogo universiteta im. N. G. Chernyshevskogo, 1998. - 127 s. (in Russ)

6 Vasil'ev D.V. K voprosu o roli sufizma v islamizacii Zolotoj Ordy [On the question of the role of Sufism in the Islamization of the Golden Horde] // *Gumanitarnye issledovanija*. - Astrahan', 2003. - № 6. - S. 19-24. (in Russ)

7 Mirzo Ulugbek. T'urt ulus tarihi [The history of the four ulus]. - Tashkent: «Ch'ylpan» nashri-joti, 1994. (in Russ)

8 Hautala R. Islamizacija Dzhuchidskogo i Hulaguidskogo ulusov v sravnenii: tochki zrenija musul'manskih i hristianskih istochnikov [Islamization of the Juchid and Hulaguid ulus

in comparison: points of view of Muslim and Christian sources] // *Zolotoordynskoe obozrenie*. - 2018. - Т. 6. - № 4. - С. 676–695. (in Russ)

9 Zolotaja Orda v istochnikah [The Golden Horde in the Sources]. Т.1. Arabskie i persidskie sochinenija. - М., 2003. (in Russ)

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

- Қызыке Ләззат Еділбайқызы* PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, email: lyaka_kizikeeva@mail.ru
- Өзқұл Шобанұғлы* халық білімдері кафедрасының меңгерушісі, профессор, PhD, Хожатепе университеті, Анкара, Түркия, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-1409-4197>
- Нурмухамед Амантаевич Кенжегулов* Нұр-Мубарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-6698-6640>
- Кызыке Ляззат Едильбаевна* PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, email: lyaka_kizikeeva@mail.ru
- Озкул Чобаноглы* заведующий кафедрой турецкой фольклористики, профессор, PhD, Университет Хаджеттепе, Анкара, Турция, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-1409-4197>
- Нурмухамед Амантаевич Кенжегулов* Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-6698-6640>
- Lazzat Kzyzke* PhD student, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, email: lyaka_kizikeeva@mail.ru
